

Қоғамдық маңызы бар нарықтарда баға белгілеу қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2017 жылғы 1 ақпандағы № 36 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2017 жылғы 8 ақпанда № 14778 болып тіркелді.

"Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 124-6-бабының 3) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

Ескерту. Бұйрықтың кіріспесі жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық экономика министрінің 28.01.2022 № 8 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес Қоғамдық маңызы бар нарықтарда баға белгілеу қағидалары бекітілсін.

2. Осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес табиғи монополиялар салаларында басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті органның кейбір бұйрықтарының күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмелерінің баспа және электрондық түрде мерзімді баспасөз басылымдарында ресми жариялауға, сондай-ақ Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін Республикалық құқықтық ақпарат орталығына жіберілуін;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын;

4) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Заң департаментіне осы бұйрықтың 3-тармағының 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтердің ұсынылуын қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика вице-министріне жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Инвестициялар және даму министрі
_____ Ж. Қасымбек

2017 жылғы 2 ақпан

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Энергетика министрі
_____ Қ. Бозымбаев

2017 жылғы 2 ақпан

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің
2017 жылғы 1 ақпандағы
№ 36 бұйрығымен
бекітілген

Қоғамдық маңызы бар нарықтарда баға белгілеу қағидалары

Ескерту. Қағидалар жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық экономика министрінің 28.09.2020 № 68 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Қоғамдық маңызы бар нарықтарда баға белгілеу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) 124-6-бабының 3) тармақшасына сәйкес әзірленді және қоғамдық маңызы бар нарықтарда баға белгілеу тәртібін айқындайды.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық экономика министрінің 28.01.2022 № 8 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) амортизациялық аударымдар қаражатын мақсатсыз пайдалану –амортизациялық аударымдар есебінен шекті бағада көзделген қаражатты инвестициялық бағдарламаларды (жобаларды) іске асырумен және (немесе) негізгі құралдар құнының ұлғаюына әкеп соғатын күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізумен және (немесе) негізгі құралдарды және (немесе) материалдық емес активтерді сатып алумен және (немесе) инвестицияларды іске асыру үшін тартылған қарыз қаражат бойынша негізгі борышты қайтарумен байланысты емес мақсаттарға бағыттау;

2) аумақтық бөлімшелер – өз құзыреті шегінде табиғи монополиялар субъектілерінің мемлекеттік тіркелімінің жергілікті бөліміне қосылған табиғи монополиялар субъектілерінің қызметін реттеу мен бақылауды, бағаларды реттеуді

және қоғамдық маңызы бар нарық субъектісінің баға белгілеу тәртібін және міндеттерді сақтауын мемлекеттік бақылауды жүзеге асыратын уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшелері;

3) баға белгілеу – тауарлар (жұмыстар, көрсетілетін қызметтер) бағаларын қалыптастыру және қарау процесі;

4) газбен жабдықтау саласындағы уәкілетті орган – газ өндіруді, тасымалдауды (тасуды), сақтауды және көтерме саудада өткізуді, сондай-ақ тауарлық және сұйытылған мұнай газын бөлшек саудада өткізуді және тұтынуды мемлекеттік реттеуді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;

5) жария тыңдаулар – Қазақстан Республикасы Парламентінің, мәслихаттардың депутаттарын, мемлекеттік органдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының, бұқаралық ақпарат құралдарының, қоғамдық бірлестіктердің өкілдерін, тәуелсіз сарапшыларды, тұтынушыларды және өзге де мүдделі тұлғаларды шақыра отырып, қоғамдық маңызы бар нарық субъектісінің тауарларына (жұмыстарына, көрсетілген қызметтеріне) баға жобасын талқылау рәсімі;

6) инвестициялық бағдарлама (жоба) – жаңа активтерді құруға, қолда бар активтерді кеңейтуге, жаңартуға, реконструкциялауға және техникалық қайта жарақтандыруға бағытталған бағдарлама;

7) қоғамдық маңызы бар нарықтар – Кодекстің 116-бабы 3-тармағының 14) тармақшасына сәйкес бағалары мен тарифтерін мемлекет реттейтін кәсіпкерлік субъектілерінің тауарлары (жұмыстары, көрсетілетін қызметтері);

8) қоғамдық маңызы бар нарық субъектісі (бұдан әрі – Субъект) – қоғамдық маңызы бар нарықтарда тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өндіретін (өткізетін) жеке немесе заңды тұлға;

9) негізделген баға – нарық субъектісі ұсынған, осындай шығындар мен пайданың негізділігін растайтын құжаттарға сәйкес қоғамдық маңызы бар нарық субъектісінің негізделген шығындары мен пайдасының негізінде, сондай-ақ уәкілетті орган ведомствосы жүргізген баға сараптамасының негізінде айқындалған баға;

10) өзіндік құн – уәкілетті органның ведомствосы тауардың (жұмыстың, көрсетілетін қызметтің) шекті бағасында ескеретін шығындар жиынтығы;

11) уәкілетті орган – тиісті табиғи монополиялар салаларында басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік орган;

12) уәкілетті органның ведомствосы – бағаларды мемлекеттік реттеуді және қоғамдық маңызы бар нарық субъектісінің баға белгілеу тәртібін және міндеттерді сақтауын мемлекеттік бақылауды жүзеге асыратын қоғамдық маңызы бар нарықтар саласында басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік органның ведомствосы, сондай-ақ азаматтық авиация саласындағы мемлекеттік органның ведомствосы;

13) шекті баға – осы Қағидаларға сәйкес тауарды (жұмысты, көрсетілетін қызметті) өндіру және (немесе) өткізу үшін қажетті шығындар мен пайданың негізінде оның

Субъект белгілеген және уәкілетті органның ведомствосымен немесе оның аумақтық бөлімшесімен келісілген бағасы. 2017 жылғы 1 қаңтарға дейін оған қатысты мемлекеттік баға реттеу қолданылған баға да шекті баға болып табылады.

14) электр энергиясын бірыңғай сатып алушы – уәкілетті орган айқындайтын, "Электр энергетикасы туралы" Қазақстан Республикасының Заңында көзделген тәртіппен электр энергиясының жоспарлы көлемдерін орталықтандырылған сатып алуды және орталықтандырылған сатуды жүзеге асыратын, мемлекет жүз пайыз қатысатын заңды тұлға;

15) электр энергиясының көздері – электр энергиясын бірыңғай сатып алушы және (немесе) энергия өндіруші ұйымдар және (немесе) жаңартылатын көздер және электр энергиясын нетто-тұтынушылар.

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық экономика министрінің 04.08.2023 № 145 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2-тарау. Бағаға сараптама жүргізу үшін ақпаратты және алдағы уақытта тауарлар (жұмыстар, көрсетілетін қызметтер) бағаларының шекті бағадан жоғары көтерілуі және олардың көтерілу себептері туралы ақпаратты электрондық нысанда ұсыну

3. Бағаға сараптама жүргізу үшін қажетті ақпаратты Субъект уәкілетті органның ведомствосына немесе оның аумақтық бөлімшесіне электрондық нысанда қоғамдық маңызы бар нарық субъектісі тиісті талапты алған күннен бастап бес жұмыс күнінен кем болмайтын мерзімде ұсынады.

Алдағы уақытта тауарлар (жұмыстар, көрсетілетін қызметтер) бағаларының шекті бағадан жоғары көтерілуі және олардың көтерілу себептерін растайтын негіздеуші материалдарды ұсына отырып, олардың көтерілу себептері туралы ақпаратты Субъект уәкілетті органның ведомствосына немесе оның аумақтық бөлімшесіне осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша кемінде күнтізбелік отыз күн бұрын электрондық нысанда ұсынады.

Қоғамдық маңызы бар нарық субъектісінің баға белгілеу тәртібін және міндеттерді сақтауын мемлекеттік бақылау мақсатында, сондай-ақ Кодекстің 124-8-бабының 1) тармақшасында көзделген жағдайларда уәкілетті органның ведомствосы немесе оның аумақтық бөлімшесі Субъектілердің бағаларын мониторингілеуді жүзеге асырады.

Бағалар мониторингін жүргізу нәтижелері бойынша, сондай-ақ Субъект Кодекстің 124-8-бабының 3) және 4) тармақшаларында белгіленген міндеттерді орындамаған жағдайларда уәкілетті органның ведомствосы немесе оның аумақтық бөлімшесі осы Қағидаларға сәйкес бағаға сараптама жүргізеді.

Субъект екі және одан да көп облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың аумағында қызметтер көрсеткен, сондай-ақ республикалық маңызы бар қалалардың және астананың аумағындағы ішкі рейстерде әуежайлар қызметтерін

көрсеткен жағдайда бағаға сараптама жүргізу үшін ақпарат не алдағы уақытта тауарлар (жұмыстар, көрсетілетін қызметтер) бағаларының шекті бағадан жоғары көтерілуі және олардың көтерілу себептері туралы ақпарат уәкілетті органның ведомствосына ұсынылады.

Субъект бір облыстың немесе республикалық маңызы бар қаланың немесе астананың аумағында қызметтер көрсеткен жағдайда бағаға сараптама жүргізу үшін ақпарат не алдағы уақытта тауарлар (жұмыстар, көрсетілетін қызметтер) бағаларының шекті бағадан жоғары көтерілуі және олардың көтерілу себептері туралы ақпарат Субъектінің тіркелген жері бойынша тиісті аумақтық бөлімшеге ұсынылады.

4. Субъект уәкілетті органның ведомствосына немесе оның аумақтық бөлімшесіне бағаға сараптама жүргізу үшін ақпаратты не алдағы уақытта тауарлар (жұмыстар, көрсетілетін қызметтер) бағаларының шекті бағадан жоғары көтерілуі және шекті бағаның көтерілу себептерін растайтын негіздеуші материалдарды, оның ішінде:

1) "Жария мүдделі ұйымдардың (қаржы ұйымдарынан басқа) жариялау үшін жылдық қаржылық есептіліктің тізбесі мен нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2017 жылғы 28 маусымдағы № 404 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15384 болып тіркелген) (бұдан әрі – № 404 бұйрық) бекітілген нысан бойынша бухгалтерлік балансты;

2) № 404 бұйрықпен бекітілген нысан бойынша пайда мен шығындар туралы есепті;

3) "Еңбек және жұмыспен қамту статистикасы бойынша жалпымемлекеттік статистикалық байқаулардың статистикалық нысандары мен оларды толтыру жөніндегі нұсқаулықтарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының 2020 жылғы 7 қыркүйектегі № 34 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21183 болып тіркелген) 1 және 3-қосымшаларға сәйкес статистикалық нысан бойынша еңбек жөніндегі есеп (индексі 1-Т, кезеңділігі жылдық, тоқсандық);

4) "Құрылымдық статистика бойынша жалпымемлекеттік статистикалық байқаулардың статистикалық нысандары мен оларды толтыру жөніндегі нұсқаулықтарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитеті төрағасының 2020 жылғы 4 ақпандағы № 114 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20008 болып тіркелген) 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша кәсіпорынның қаржы-шаруашылық қызметі туралы есепті (коды 271112130, индексі 1-ПФ, кезеңділігі жылдық);

5) № 404 бұйрыққа 3 және 4-қосымшаларға сәйкес нысан бойынша ақшалай қаражаттың қозғалысы туралы есепті;

6) жалпы кәсіпорын және әрбір түрі бойынша жеке шығындар баптарын толық жаза отырып, бағаларды есептеу үшін қолданылатын кірістер мен шығыстар туралы жиынтық деректерді;

7) қолданылып отырған еңбекақы төлеу жүйесі туралы мәліметтерді;

8) шикізат пен материалдар шығысының қолданылатын нормалары, жұмыскерлердің нормативтік саны туралы мәліметтерді;

9) есепке алу саясатын (болған жағдайда);

10) инвестициялық бағдарламаларды (жобаларды) (болған жағдайда);

11) негізгі құралдар құнының өсуіне әкелмейтін ағымдағы және күрделі жөндеулерге және басқа да жөндеу-қалпына келтіру жұмыстарына бағытталған шығындардың жылдық сметасын;

12) негізгі құралдар құнының ұлғаюына әкелетін күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізуге бағытталған шығындардың жылдық сметасын (болған жағдайда);

13) негізгі құралдарды пайдалану мерзімдері көрсетілген амортизациялық аударымдардың есептемелерін;

14) тауарды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізудің жоспарланатын және (немесе) нақты көлемін растайтын құжаттарды – ниет хаттамаларын, шарттарды, өндіру (жеткізу) көлемінің есептемелерін, жобалық қуат және оны іс жүзінде пайдалану туралы деректерді, сондай-ақ өндіру (жеткізу) көлемі төмендеген кезде Субъектілер негіздеме ұсынады;

15) осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша электр энергиясына шекті баға құрылымын (электр энергетикасы саласындағы субъект үшін);

16) тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) бағаларын шекті бағадан жоғары көтерудің орындылығын негіздейтін түсіндірме жазбаны (шикізат, материалдар, көрсетілетін қызметтер құнының көтерілуін растайтын жасалған шарттардың көшірмелері);

17) қызметтің әрбір түрі бойынша жоспарланатын шекті бағаның жобасын ұсынады ;

18) электр қуатының жүктеме көтеруге әзірлігін қамтамасыз ету жөніндегі шығыстар бойынша негіздеуші материалдар ретінде Субъектінің электр энергиясын бөлшек саудада өткізу саласындағы ниет хаттамаларымен және (немесе) есептемелерімен негізделген жоспарлы шығындар ұсынылады;

19) бағаға сараптама жүргізу үшін ақпарат ұсыну не алдағы уақытта тауарлар (жұмыстар, көрсетілетін қызметтер) бағаларының шекті бағадан жоғары көтерілуі туралы ақпарат беру алдындағы төрт тоқсан ішіндегі және өткен күнтізбелік жыл ішіндегі шығындар туралы нақты деректерді қоса бере отырып, олардың көтерілу себептері туралы ақпарат ұсынады.

Субъект қызметін бір жылдан аз уақыт жүзеге асырған жағдайда қызметті жүзеге асырудың нақты кезеңі үшін деректер ұсынылады.

Ескерту. 4-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Ұлттық экономика министрінің 28.01.2022 № 8 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5. Субъект уәкілетті орган ведомствосының немесе оның аумақтық бөлімшесінің сұрау салуы бойынша Кодекстің 124-6-бабының 10) тармақшасына сәйкес бағаға сараптама жүргізу үшін ақпарат ұсынады. Субъект электрондық нысанда қоғамдық маңызы бар нарық субъектісі тиісті талапты алған күннен бастап бес жұмыс күнінен кем болмайтын мерзімде ұсынады.

Жүк қозғалысындағы локомотивтік тартқыш реттеліп көрсетілетін қызметтерінен түскен кірістер есебінен жолаушылар қозғалысындағы локомотивтік тартқыш қызметі бойынша шығыстарды субсидиялау тоқтатылған жағдайда Субъект уәкілетті орган ведомствосының сұрауы бойынша шекті бағаға сараптама жүргізу үшін Қағидалардың 4-тармағында көзделген құжаттар мен мәліметтерді ұсынады.

6. Уәкілетті органның ведомствосы немесе оның аумақтық бөлімшесі ұсынылған ақпараттың негізінде бағаға сараптама жүргізеді немесе алдағы уақытта тауарлар (жұмыстар, көрсетілетін қызметтер) бағаларының шекті бағадан жоғары көтерілуі және олардың көтерілу себептері туралы ақпаратқа шекті бағаның көтерілу себептерін растайтын негіздеуші материалдарды қоса бере отырып, оларды алған күннен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде қарайды.

Уәкілетті органның ведомствосы немесе оның аумақтық бөлімшесі қосымша материалдар сұратқан жағдайда бағаға сараптама жүргізу немесе алдағы уақытта тауарлар (жұмыстар, көрсетілетін қызметтер) бағаларының шекті бағадан жоғары көтерілуі туралы ақпаратты қарау мерзімдері Субъект тиісті материалдарды ұсынғанға дейін тоқтатыла тұрады. Бұл ретте, шекті бағаны енгізу күні Субъект тиісті ақпаратты ұсынғанға дейін тоқтатыла тұрған күндер саны ескерілген мерзімге ауыстырылады.

7. Алдағы уақытта тауарлар (жұмыстар, көрсетілетін қызметтер) бағаларының шекті бағадан жоғары көтерілуі және оларды көтерудің себептері туралы ақпаратқа сараптама жүргізу немесе оны қарау қорытындылары бойынша Субъектінің тауарларына (жұмыстарына, көрсетілетін қызметтеріне) шекті бағаны қалыптастыру осы Қағидалардың 3-тарауына сәйкес жүргізіледі.

8. Кодекстің 124-6-бабының 6) тармақшасына сәйкес уәкілетті органның ведомствосы немесе оның аумақтық бөлімшесі жария тыңдаулар өткізеді.

9. Уәкілетті органның ведомствосы немесе оның аумақтық бөлімшесі алдағы уақытта тауарлар (жұмыстар, көрсетілетін қызметтер) бағаларының шекті бағадан жоғары көтерілуі және олардың көтерілу себептері туралы ақпаратты мынадай:

- 1) осы Қағидалардың 3-тармағында көзделген талаптар бұзылған;
- 2) Субъект осы Қағидалардың 4 және 5-тармақтарында көзделген құжаттарды ұсынбаған;
- 3) Субъект анық емес ақпаратты ұсынған жағдайларда қараусыз қалдырады.

10. Бағаға сараптама жүргізу немесе алдағы уақытта тауарлар (жұмыстар, көрсетілетін қызметтер) бағаларының шекті бағадан жоғары көтерілу себептері және оларды көтеру туралы ақпаратты қарау қорытындылары бойынша уәкілетті органның ведомствосы немесе оның аумақтық бөлімшесі Субъектіге:

1) осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша шекті бағаны келісу туралы хабарламаны;

2) осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қолданыстағы немесе жоспарланған бағаны шекті бағаның деңгейіне дейін төмендету жөніндегі дәлелді қорытындыны;

3) осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша шекті бағаны көтеруге тыйым салу туралы дәлелді қорытындыны жібереді.

Субъектіге хабарлама немесе дәлелді қорытынды жіберу кезінде осы Қағидаларға 6, 7 және 8-қосымшаларға сәйкес нысандар бойынша шығыстар сметасы Қоғамдық маңызы бар нарық субъектінің тауарына (жұмысына, көрсетілетін қызметіне) байланысты Электр энергетикасы саласындағы субъектіге – осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес электр энергиясына шекті бағаның құрылымы, Тауарлық газды бөлшек саудада өткізу саласындағы субъектіге – осы Қағидаларға 9-қосымшаға сәйкес тауарлық газды бөлшек саудада өткізудің шекті бағасының құрылымы (филиалдар бөлінісінде) қоса беріледі.

Хабарлама немесе дәлелді қорытынды Субъектіге пошта арқылы хабарламамен жіберіледі не оның өкіліне қол қойғызумен қолма-қол беріледі, сондай-ақ субъектіге жіберілген немесе табыс етілген кезден бастап 3 жұмыс күнінен кешіктірілмей уәкілетті орган ведомствосының интернет-порталында орналастырылады.

11. Шекті бағаны келісуге (қолдануға):

1) тауарлық газды бөлшек саудада өткізу жөніндегі көрсетілетін қызметтерді тұтынушылар топтары бойынша;

2) жүктерді теміржол көлігімен тасымалдау және локомотивтік тартқыш жөніндегі көрсетілетін қызметтерді тасымалданатын жүктердің түріне, жылжымалы құрамның типіне байланысты;

3) энергиямен жабдықтау ұйымдарының электр энергиясын бөлшек саудада өткізуі жөніндегі көрсетілетін қызметтерді тұтынушылар тобы бойынша және тұтыну көлемі бойынша саралаумен жол беріледі.

12. Субъект алынған хабарлама немесе дәлелді қорытынды негізінде уәкілетті органның ведомствосы немесе оның аумақтық бөлімшесі айқындаған күннен бастап тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) шекті бағасын белгілейді.

13. Субъект шекті бағаны өсірместен, уәкілетті органның ведомствосына немесе оның аумақтық бөлімшелеріне бағаның төмендеу немесе көтерілу себептерін көрсететін ақпаратты баға төмендеген немесе көтерілген күннен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірмей ұсына отырып, қоғамдық маңызы бар нарықтарда өткізілетін

тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) бағаларын өз бетінше төмендете немесе өсіре алады.

14. Уәкілетті органның ведомствосы немесе оның аумақтық бөлімшесі қоғамдық маңызы бар нарықтар Субъектілері өткізетін тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) шекті бағаларын:

шекті бағаларда ескерілген инвестициялық бағдарлама іс-шараларының орындалмауына;

шекті бағаларда ескерілген электр энергиясын сатып алуға және (немесе) беруге арналған қаражатты орындамауға;

электр қуаты нарығында жүктемені көтеруге электр қуатының әзірлігін қамтамасыз етуге және электр энергиясының теңгерімдеуші нарығында теңгерімдеуші электр энергиясын сатып алуға-сатуға арналған қаражатты орындамауға;

шекті бағаларда ескерілген, ұлттық электр желісін пайдаланғаны үшін көрсетілетін қызметтерге арналған қаражатты орындамауға;

Субъектінің электр энергиясын орталықтандырылған сатып алу және орталықтандырылған сату және (немесе) электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметті орталықтандырылған сатып алу және электр қуатының жүктеме көтеруге әзірлігін қамтамасыз ету бойынша көрсетілетін қызметті орталықтандырылған сату саласындағы қызметті жүзеге асыруымен байланысты шығындарды орындамауына;

шекті бағаларда ескерілген, тауарлық газды және сұйытылған мұнай газын сатып алуға және (немесе) тасымалдауға арналған қаражатты орындамауға;

тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) тұтынудың шекті бағаларда ескерілген көлемдерін, оның ішінде тұтынушылардың жекелеген топтарының асыра пайдалануына;

электр энергиясын бірыңғай сатып алушының электр энергиясын сатып алу және сату көлемінен асып кетуіне;

уәкілетті органның ведомствосымен немесе оның аумақтық бөлімшесімен келісілген, тауарларға (жұмыстарға, көрсетілетін қызметтерге) шекті бағадан асып кетуге;

амортизациялық аударымдар қаражатын мақсатсыз пайдалануға байланысты алынған кіріс мөлшерінде төмендетеді.

Ескерту. 14-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық экономика министрінің 04.08.2023 № 145 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

15. Субъект шекті бағаны негізсіз көтеру нәтижесінде алған кірісті уәкілетті органның ведомствосы немесе оның аумақтық бөлімшесі осындай фактіні анықтаған

кезден бастап тікелей тұтынушыларға күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей қайтарады не тұтынушылардың толық тізбесін белгілеу мүмкін болмаған жағдайда осы Қағидаларға сәйкес алдағы кезеңге шекті баға деңгейін төмендету жолымен қайтарады.

16. Жеке тұлғалардың электр энергиясын тұтыну көлеміне қарай тұтынушылардың электр энергиясына сараланған тарифтерді қолдануына байланысты, сондай-ақ тұтынушылар топтары бойынша тұтынушылардың сараланған тарифтерді қолдануы кезінде жеке және заңды тұлғалардың жалпы тұтыну көлемі үлес салмағының өзгеруіне байланысты энергиямен жабдықтаушы ұйым кірісті толық алмаған немесе негізсіз кіріс алған жағдайда уәкілетті органның ведомствосы немесе оның аумақтық бөлімшесі шекті бағаны негізсіз алынған кіріс сомасына немесе толық алынбаған кіріс сомасына түзетеді.

Егер электр энергетикасын бөлшек саудада өткізу саласындағы Субъектіде келісілген шекті бағада ескерілген электр энергиясын сатып алу және (немесе) беру жөніндегі және (немесе) ұлттық электр желісін пайдалану үшін шығыстардың және электр энергиясын сатып алу, беру және (немесе) ұлттық электр желісін пайдалану үшін нақты шығыстардың арасындағы айырманың ұлғаюы нәтижесінде шығын пайда болған жағдайда уәкілетті органның ведомствосы немесе оның аумақтық бөлімшесі электр энергетикасы саласындағы Субъектінің ақпаратын қарау кезінде пайда болған шығындарды ескере отырып шекті бағаны түзетеді.

Электр энергиясын бөлшек саудада өткізу саласындағы Субъект электр энергиясын сатып алу және (немесе) беру бойынша және (немесе) ұлттық электр желісін пайдалану үшін көрсетілетін қызметтерге ақы төлеумен байланысты шығындар бойынша, электр қуатының жүктемені көтеруге әзірлігін қамтамасыз ету бойынша, оның ішінде Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 27 ақпандағы № 152 бұйрығымен бекітілген Электр қуатының нарығын ұйымдастыру және оның жұмыс істеу қағидаларының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10612 болып тіркелген) 59-тармағына сәйкес жоғарылату коэффициенттерін қолданумен байланысты және электр энергиясының теңгерімдеуші нарығында теңгерімдеуші электр энергиясын сатып алумен-сатумен байланысты кірісті толық алмаған немесе негізсіз кіріс алған жағдайда уәкілетті органның ведомствосы немесе оның аумақтық бөлімшесі шекті бағаны негізсіз алынған кіріс сомасына немесе толық алынбаған кіріс сомасына түзетеді.

Электр энергиясы, электр қуаты мен теңгерімдеуші нарық көздері электр энергиясының құнын (бағасын, тарифін) өзгерткен жағдайда электр энергиясын бөлшек саудада өткізу саласындағы Субъект келісілген баға деңгейін өзгертпестен, электр энергиясына шекті тариф құрылымын қайта қарайды. Бұл ретте электр энергиясын бөлшек саудада өткізу саласындағы Субъект уәкілетті органның ведомствосын немесе оның аумақтық бөлімшесін электр энергиясына шекті тариф құрылымының өзгергені туралы хабарлардар етеді және оны электр энергиясына шекті

тариф құрылымының өзгерген күнінен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірмей ұсынады

Осы Қағидалардың 32-тармағына сәйкес есептелген және жаңа учаскелерде (маршруттарда) темір жол көлігімен жүктерді тасымалдау бойынша және локомотивті тартқыш қызметтерін көрсететін Субъектінің бұрын келісілген шекті бағасында ескерілген шығыстар орындалмаған жағдайда, уәкілетті органның ведомствосы немесе оның аумақтық бөлімшесі келісілген шекті бағаны келісілген шекті бағаға енгізілген шығыстар мен ақпаратты кезекті қарау кезінде нақты шығыстар арасындағы айырманың туындау нәтижесінде алынған кіріс сомасына түзетеді. Бұл ретте шығындарды орындамаудың жалпы сомасынан келісілген шекті бағаға енгізілген шығыстар мен осы Қағидалардың 14-тармағына сәйкес көлемдердің төмендеуіне және (немесе) шекті бағаның төмендеуіне байланысты нақты шығыстар арасындағы айырма алып тасталады.

Тауарлық газды көтерме саудада өткізудің шекті бағасы және (немесе) тауарлық газды газ тарату жүйелері арқылы тасымалдауға арналған тариф өзгерген жағдайда, тауарлық газды бөлшек саудада өткізу саласындағы Субъект тауарлық газды бөлшек саудада өткізудің бағасын қолданысқа енгізілгенге дейін бес жұмыс күнінен кешіктірмей қайта қарайды және уәкілетті органның ведомствосымен келіседі, бұл ретте тауарларға (жұмыстарға, көрсетілетін қызметтерге) шекті бағаны есептеу осы Қағидаларға 12-қосымшаға сәйкес жүргізіледі.

Ескерту. 16-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық экономика министрінің 04.08.2023 № 145 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3-тарау. Субъектінің тауарларына (жұмыстарына, көрсетілетін қызметтеріне) баға белгілеу тәртібі

17. Шекті бағаны қалыптастыру үшін Субъект тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) әрбір түрі бойынша шығындарды бөлек есепке алуды жүзеге асырады.

Субъектіде тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) түрлері бойынша шығындарды бөлек есепке алу болмаған жағдайда Субъектінің шығындары Субъектінің жалпы шығындарындағы кірістердің үлес салмағы (көлемі, өндірістік персоналға еңбекақы төлеуге арналған шығындар) бойынша тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізетін Субъектінің белгілі бір қызметінің түріне жататын шығындарды айқындауды көздейтін жанама әдістердің негізінде өткізілетін тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) түрлері бойынша бөлінеді.

18. Уәкілетті органның ведомствосы немесе оның аумақтық бөлімшесі алдағы уақытта тауарлар (жұмыстар, көрсетілетін қызметтер) бағаларының көтерілетіні туралы хабарламаны қарау кезінде жария тыңдаулар өткізеді.

19. Жария тыңдаулар өткізудің мақсаты жариялылықты, хабардарлықты, тұтынушылар мен Субъектілер мүдделерінің теңгерімін сақтауды, тауарлар (жұмыстар, көрсетілетін қызметтер) бағаларын қалыптастырудың ашықтығы мен анықтығын қамтамасыз ету болып табылады.

20. Жария тыңдаулар өткізудің қағидаттары:

1) жариялылық;

2) тұтынушылар мен Субъектілер мүдделерінің теңгерімін сақтау;

3) тауарлар (жұмыстар, көрсетілетін қызметтер) бағаларын қалыптастырудың ашықтығы.

21. Уәкілетті органның ведомствосы немесе оның аумақтық бөлімшесі жария тыңдаулар өткізу күніне дейін күнтізбелік он күннен кешіктірмей жария тыңдаулар өткізу туралы хабарландыруды уәкілетті орган ведомствосының интернет-ресурсында орналастырады және аптасына кемінде бір рет шығарылатын және:

Субъект қызметтерді бір облыстың немесе республикалық маңызы бар қаланың немесе астананың аумағында көрсеткен, сондай-ақ облыстық маңызы бар қалалардың аумағында ішкі рейстерде әуежайлар қызметтерін көрсеткен жағдайда тиісті өкімшілік-аумақтық бірліктің аумағында;

Субъект қызметтерді екі және одан да көп облыстың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың аумағында көрсеткен, сондай-ақ республикалық маңызы бар қалалардың, астананың аумағында ішкі рейстерде әуежайлар қызметтерін көрсеткен жағдайда Қазақстан Республикасының барлық аумағында таратылатын баспасөз басылымында жариялайды.

Жария тыңдаулар бағаларды келісу немесе бағаларды көтеру туралы шешім қабылданғанға дейін күнтізбелік он күннен кешіктірмей өткізіледі.

22. Алдағы жария тыңдау туралы хабарландыру мынадай мәліметтерді қамтиды:

1) жария тыңдауларды ұйымдастырушының атауы және орналасқан жері;

2) тыңдаулар өткізу күні, орны мен уақыты;

3) Субъектінің атауы және тауарлар (жұмыстар, көрсетілетін қызметтер) бағаларының көтерілетіні туралы ақпарат берілген тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) түрі;

4) уәкілетті орган ведомствосының немесе оның аумақтық бөлімшесінің, Субъектінің байланыс телефондары;

5) уәкілетті орган ведомствосы мен Субъектінің интернет-ресурсының мекенжайы (болған жағдайда).

23. Субъект жария тыңдауларды өткізу күні туралы ақпарат жарияланғаннан кейін жария тыңдауларға қатысушылардың талабы бойынша жария тыңдаулар өткізілгенге дейін:

тауарлар (жұмыстар, көрсетілетін қызметтер) бағаларының жобаларын;

тауарлар (жұмыстар, көрсетілетін қызметтер) бағаларының көтерілу себептері туралы экономикалық негізделген есептемелері бар ақпаратты ұсынады.

24. Жария тыңдауларды уәкілетті орган немесе оның аумақтық бөлімшесі онлайн-көрсетілім ұйымдастырумен, жария тыңдауларға қатысушылардың кедергісіз қол жеткізуін қамтамасыз ете отырып өткізеді.

Елде төтенше жағдай, шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантин енгізілген кезде уәкілетті орган немесе оның аумақтық бөлімшелері жария тыңдауларды онлайн-көрсетілім арқылы өткізеді.

Жария тыңдауларды онлайн-көрсетілімдер арқылы өткізген кезде уәкілетті органның ведомствосы немесе оның аумақтық бөлімшесі жария тыңдаулар өткізілетін күнге дейін күнтізбелік он күннен кешіктірмей әлеуметтік желілерде жария тыңдаулардың күні мен онлайн-көрсетілімнің сілтемесін көрсете отырып, алда болатын жария тыңдау туралы хабарландыру орналастырады.

Ескерту. 24-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық экономика министрінің 12.02.2021 № 17 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

25. Уәкілетті орган ведомствосының немесе оның аумақтық бөлімшесінің басшысы уәкілетті орган ведомствосының немесе оның аумақтық бөлімшесінің қызметкерлері қатарынан жария тыңдаулардың төрағасы мен хатшысын тағайындайды.

Жария тыңдаулардың хатшысы хаттаманы жазбаша нысанда жүргізеді.

Ескерту. 25-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық экономика министрінің 12.02.2021 № 17 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

26. Төраға белгіленген уақытта жария тыңдауларды бастайды, олардың мақсатын, күн тәртібін жариялайды және регламентті белгілейді.

27. Субъект өз сөзінде тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) ұсынылып отырған бағасының деңгейіне растайтын фото, бейне материалдарды (болған жағдайда) қоса бере отырып, егжей-тегжейлі түсініктеме және негіздеме береді.

28. Жария тыңдауларға қатысушылар қаралып отырған мәселелер бойынша өз көзқарасын, пікірін білдіреді, сөз сөйлеушілерге сұрақтар қояды, өз сөздерінде көмекші материалдарды (плакаттар, графиктер және тағы басқалар) пайдаланады және хаттамаға сөйлеген сөзін жазбаша қоса береді.

Жария тыңдауға қатысушының жазбаша түрдегі пікірі жеке немесе заңды тұлғаның ресми тұлғаға берілетін өтінішіне теңестіріледі және жария тыңдау хаттамасына міндетті түрде енгізілуге, сондай-ақ тиісті шараларды одан әрі қарауға және қабылдауға жатады.

29. Төраға жария тыңдаулардың қорытындысын шығарады және оны аяқтайды.

30. Уәкілетті органның ведомствосы немесе оның аумақтық бөлімшесі алдағы уақытта тауарлар (жұмыстар, көрсетілетін қызметтер) бағаларының көтерілуі туралы

хабарламаны қарау туралы өткізілген жария тыңдаулардың нәтижелерін, оның ішінде талқылаулардың стенограммаларын, қаралатын мәселелер бойынша қабылданған шешімдермен бірге отырыстардың хаттамаларын олар өткізілген күннен кейін күнтізбелік бес күн ішінде өзінің интернет-ресурсында орналастырады.

31. Шекті бағаны қалыптастыру кезінде өзіндік құнда тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өндіруге (өткізуге) тікелей қатысты, негіздеуші есептемемен және болжамдық материалдармен (шарттармен, ниет хаттамаларымен, шот-фактуралармен, қаржы құжаттарымен және шығыстарды растайтын өзге де құжаттармен) расталған шығыстар ескеріледі, оның ішінде:

1) растайтын құжаттарда (шарттарда, шот-фактураларда) көзделген бағаларға және тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) бір бірлігін шығаруға арналған шикізат, материалдар, отын, энергия, материалдық ресурстар шығысының қолданылатын нормаларына және (немесе) материалдық ресурстардың жылдық нормаларына сүйене отырып, материалдық ресурстардың нақты көлеміне негізделіп айқындалатын материалдық шығыстар;

2) еңбек заңнамасына сәйкес еңбекақы төлеу жүйесінде көзделген еңбек жағдайлары үшін қосымша ақылар мен үстемеақылар төлеуді қоса алғанда, персоналға еңбекақы төлеуге арналған шығыстар ескеріледі, бұл ретте еңбекақы төлеуге арналған шығыстарды айқындау кезінде нормативтік саннан (болған кезде) аспайтын персоналдың (әкімшілік-басқарушылық және өндірістік) нақты саны және Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық даму болжамының көрсеткіштерін (инфляция) немесе субъект персоналының нақты саны, бірақ нормативтік санынан аспайтын және ақпарат берудің алдындағы жылдағы статистика деректері бойынша қалыптасқан экономикалық қызмет түрлеріне сәйкес субъект қызмет көрсететін өңірдегі (облыста, республикалық маңызы бар қалада, астанада) орташа айлық жалақы есепке алынады.

Экономикалық қызмет түрлеріне сәйкес субъект қызмет көрсететін өңірдегі (облыстағы, республикалық маңызы бар қаладағы, астанадағы) орташа айлық жалақы, ақпарат берудің алдындағы жылдағы статистика деректері бойынша қалыптасқан, ол Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық даму болжамының көрсеткіштерін (инфляция) ескере отырып, қолданыстағы бағамен қабылданған орташа айлық жалақыдан асып кеткен кезде қабылданады;

3) негізгі құралдар мен материалдық емес активтердің амортизациялық аударымдары тікжелілік (біркелкі) есептеу әдісі бойынша есептеледі және шекті бағаның шығын бөлігіне қосылады. Амортизациялық аударымдар инвестициялық бағдарламаларды (жобаларды) іске асыруға және (немесе) негізгі құралдардың құнын арттыруға алып келетін күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізуге және (немесе) негізгі құралдар мен (немесе) материалдық емес активтерді сатып алуға бағытталады;

4) Субъект негізгі құралдар құнының өсуіне алып келмейтін ағымдағы және күрделі жөндеуге және басқа да жөндеу-қалпына келтіру жұмыстарына жұмсайтын қаражат осындай жұмыстың қажеттігін растайтын құжаттардың негізінде (осындай жұмыстарды жүргізу қажеттігін құжаттамалық техникалық растау, жиынтық сметалық есептемелер, объектілік, жергілікті және ресурстық сметалар (әрбір объект бойынша жеке), оның ішінде Субъектінің сенімгерлік басқаруындағы объектілер бойынша (егер сенімгерлік басқару шартында негізгі құралдар құнының өсуіне алып келмейтін осындай жөндеу жүргізу туралы талап қамтылса) шекті бағаның шығын бөлігіне қосылады;

5) өндірілетін және (немесе) өткізілетін тауарға (жұмысқа, көрсетілетін қызметке) тікелей қатысты өзге өндірістік шығыстар шекті бағаның шығын бөлігіне салалық ерекшеліктер ескеріліп, растайтын құжаттардың негізінде қосылады;

6) бағаларында инвестициялық бағдарламаны (жобаны) (болған кезде) іске асыруға жұмсалатын қарыз қаражаты үшін сыйақы төлемі ескерілетін шығыстар;

7) егер көрсетілетін қызметтер үшін ақы төлеу оларды көрсету фактісі бойынша жүргізілген жағдайда қызметті көрсету үшін қажетті айналым қаражатын толтыруға тартылған қарыз қаражаты үшін сыйақы төлеміне арналған шығыстар;

8) сатып алынатын аудиторлық, маркетингтік көрсетілетін қызметтерге арналған шығыстар;

9) қоршаған ортаға эмиссия үшін ақы төлеуге арналған шығыстар;

10) қаржы жыл шығыстарында ескерілетін міндетті сақтандыру түрлері, салықтар, алымдар және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер шығыстары ескеріледі.

Электр энергиясын бөлшек саудада өткізу саласындағы Субъектілер үшін шекті бағаны қалыптастыру кезінде өзіндік құнда электр энергиясының көзімен жасалатын ниет хаттамалары да, сондай-ақ:

қуат нарығын және электр энергиясының теңгерімдеуші нарығын енгізумен және электр қуатының электр қуаты нарығында жүктемені көтеруге әзірлігін қамтамасыз ету жөніндегі көрсетілетін қызметтерге ақы төлеумен және электр энергиясының теңгерімдеуші нарығында теңгерімдеуші электр энергиясын сатып алу-сатумен байланысты есептеу және болжамдық материалдар;

электр қуатының электр қуаты нарығында жүктемені көтеруге әзірлігін қамтамасыз ету жөніндегі көрсетілетін қызметтерге ақы төлеуге арналған шығындар;

электр қуатының жүктемені көтеруге әзірлігін қамтамасыз ету жөніндегі көрсетілетін қызметтердің есептік және шартты көлемі мен бірыңғай сатып алушы тиісті кезеңде іс жүзінде көрсеткен электр қуатының жүктемені көтеруге әзірлігін қамтамасыз ету жөніндегі көрсетілетін қызметтердің көлемі арасындағы айырма;

электр энергиясының теңгерімдеуші нарығында теңгерімдеуші электр энергиясын сатып алу-сатумен байланысты шығындар;

электр қуатының орталықтандырылған сауда-саттығын ұйымдастыру және өткізу бойынша орталықтандырылған сауда нарығының операторы қызметтеріне арналған шығындар ескеріледі.

Ескерту. 31-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Ұлттық экономика министрінің м.а. 31.03.2023 № 42 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 04.08.2023 № 145 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

32. Субъект жаңа учаскелерде (маршруттарда) теміржол көлігімен жүктерді тасымалдау және локомотивтік тартқыш қызметтерін көрсеткен жағдайда және (немесе) жаңа учаскелерде (маршруттарда) нақты шығындар болмаған кезде персонал санының, шикізат, материалдар, отын, энергия, жөндеу жұмыстарының қажеттіліктерін және осы учаскелер бойынша тікелей реттеліп көрсетілетін қызметтерге жататын өзге шығыстарды есептеу тиісті салада (аяда) қолданылатын үлгілік нормалар мен нормативтер негізінде және бағалар деңгейінің салыстырмалы талдауы қолданыла отырып жүргізіледі.

33. Шекті бағаға қосылатын пайда деңгейі инвестициялық бағдарламаны (жобаны) іске асыруға қажетті қаражат ескеріліп шектеледі.

Субъектілер инвестицияларды жеке және (немесе) қарыз қаражаты есебінен жүзеге асырады. Жеке қаражат көздері пайда (таза кіріс) және амортизациялық аударымдар болып табылады.

Қарыз қаражатын қайтару пайда (таза кіріс) және (немесе) амортизациялық аударымдар есебінен жүзеге асырылады.

Субъектіде инвестициялық бағдарлама (жоба) болмаған жағдайда шекті бағаға қосылатын Субъект пайдасының деңгейі Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық даму факторларына негізделе отырып айқындалады.

Уәкілетті органмен келісілген инвестициялық бағдарламаның қолданыс мерзімі өткен жағдайда шекті баға бекітілген инвестициялық бағдарламаны іске асыруға тартылған қарыздар бойынша негізгі қарызды өтеуге бағытталған қаражаттарды қоспағанда, келісілген инвестициялық бағдарламаны (амортизациялық аударымдар мен пайдалар) іске асыруға бағытталған сомаға төмендетіледі. Бұл ретте, Субъект инвестициялық бағдарламаның қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін бір ай бұрын осы Қағидаларға 36-тармаққа сәйкес материалдарды ұсына отырып, келісілген шекті бағаларды көтерместен инвестициялық бағдарламаны (жобаны) келісі туралы ұсыныспен уәкілетті органға жүгінуге құқылы.

34. Шекті бағаны қалыптастыру кезінде өзіндік құнда тауарлар өндіруге, жұмыстар (қызметтер) көрсетуге тікелей қатысы жоқ шығыстар, сондай-ақ:

1) тауарлар өндіру, жұмыстар (қызметтер) көрсету кезінде пайдаланылмайтын негізгі құралдардың амортизациялық аударымдары;

- 2) ластаушы заттардың нормативтен тыс шығарындылары (тастандылары) үшін төлемдер;
- 3) үмітсіз борыштар;
- 4) шаруашылық шарттардың талаптарын бұзғаны үшін айыппұлдар, өсімпұлдар, тұрақсыздық айыбы және санкциялардың басқа да түрлері, сот шығасылары;
- 5) кірісті жасырғаны (кеміткені) үшін айыппұлдар мен өсімпұлдар;
- 6) жымқырудан болатын шығындар;
- 7) қызмет көрсетуші шаруашылықтар мен учаскелер өндірісінде қолданысқа енгізілмеген активтерді ұстау;
- 8) кәсіптік-техникалық училищелерді қоспағанда, денсаулық сақтау объектілерін, мектепке дейінгі балалар ұйымдарын, оқу орындарын ұстау;
- 9) сауықтыру лагерьлерін, мәдениет және спорт объектілерін, тұрғын үй қорын ұстау;
- 10) ұйым жұмыскерлері тұрғын үй жағдайларын жақсартуға, бау-бақша үйлерін сатып алуға және үй шаруашылығымен айналысуға алған пайызсыз несиелерді қоса алғанда, несиелерді өтеу;
- 11) мәдени-ағарту, сауықтыру және спорттық іс-шараларды өткізу;
- 12) бау-бақшалық серіктестіктерді абаттандыру (жол салу, энергиямен және сумен жабдықтау, жалпы сипаттағы басқа да шығыстарды жүзеге асыру);
- 13) демеушілік көмек көрсету;
- 14) өндірістік ақаудан болған шығындар;
- 15) өндірісті вахталық ұйымдастыруды қоспағанда, Субъектілердің персоналы үшін пәтерлерді, тұрғын үй-жайларды және құрылыстарды, жатақханалар мен қонақүйлердегі орындарды сатып алу, жалдау және ұстау;
- 16) мерейтойлар күніне немесе жұмыскерлерге көтермелеу түрінде берілетін сыйлықтарды сатып алу;
- 17) нормативтен тыс техникалық және коммерциялық шығындар, тауар-материалдық құндылықтардың, қоймадағы қорлардың бұзылуы және жетіспеушілігі, өндірілмейтін шығыстар;
- 18) жұмыс қорытындылары бойынша сыйақы беру және ынталандыру;
- 19) өндірістік қажеттілікке байланысты іс-шараларды қоспағанда, оқыту курстарын, семинарларды, тренингтерді, дәрістерді, көрмелерді, пікірталастарды, ғылым мен өнер қайраткерлерімен кездесулерді, ғылыми-техникалық конференцияларды өткізу және ұйымдастыру;
- 20) қоғамдық ұйымдар мен қауымдастықтарға мүшелік жарналар;
- 21) білім беру ұйымдарында оқитын жұмыскерлердің демалыстарына ақы төлеу;
- 22) кәсіптік ауруларды оңалтып емдеуге байланысты шығындардан басқа, Субъектінің қаражаты есебінен жұмыскерлердің және олардың балаларының емделуіне, демалуына, экскурсияларына арналған жолдамаларға ақы төлеу;

23) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген міндетті сақтандыру төлемдерін қоспағанда, сақтандыру төлемдері (Субъект өз жұмыскерлерінің пайдасына жасаған жеке және мүлікті сақтандыру шарттары бойынша төлеп отыратын жарналар);

24) жұмыскерлерге қосымша берілген демалыстарға (заңнамада көзделгеннен тыс), оның ішінде бала тәрбиелеп отырған әйелдерге ақы төлеу, жұмыскердің отбасы мүшелеріне демалысты пайдаланатын жерге бару және қайту жолына ақы төлеу;

25) Субъектінің жұмыскерлеріне жеңілдіктер;

26) мектепке дейінгі мекемелердегі, санаторийлердегі және сауықтыру лагерьлеріндегі балалардың тамақтану құнын өтеу;

27) ұжымдық шартта айқындалған мақсаттарға кәсіптік одақтарға аударымдар;

28) банктердің және тұтынушылардан коммуналдық төлемдерді қабылдау жөніндегі банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың көрсетілетін қызметтері;

29) консалтингтік компаниялардың көрсетілетін қызметтерінің шығыстары ескерілмейді.

35. Инвестициялық бағдарлама (жоба) Субъект тауарының (жұмысының, көрсетілетін қызметінің) шекті бағасында ескеріледі.

Субъектінің инвестициялық бағдарламасы (жобасы) Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық даму басымдықтары ескеріле отырып әзірленеді және түзетіледі.

36. Субъект инвестициялық бағдарламаға (жобаға) мынадай материалдарды:

1) осы Қағидаларға 10-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Субъектінің инвестициялық бағдарламасының жобасын;

2) сатып алынатын негізгі құралдардың, құрылыс-монтаж жұмыстарының құнын көрсетумен баға деңгейін салыстырмалы талдауды қоса бере отырып, инвестициялық бағдарламаны (жобаны) іске асыру үшін жоспарланып отырған шығындар туралы ақпаратты;

3) қаржыландырудың, оның ішінде қарыз ресурстарының (қарыз қаражаты бойынша сыйақы, қаржыландыру кезеңі, комиссиялық төлемдер, қарыз қаражатын қайтару мерзімдері мен шарттары) болжамды мөлшерін және алдын ала шарттарын растайтын құжаттарды;

4) егер инвестициялық бағдарламаны (жобаны) іске асыру үшін республикалық, жергілікті бюджеттерден қаражат бөлінген немесе Қазақстан Республикасы Үкіметінің кепілдігімен кредиттер (инвестициялар) тартылған жағдайда оны қаржыландыру мөлшері мен шарттарын растайтын құжаттарды ұсынады.

37. Субъект ағымдағы жылғы 1 қарашадан кешіктірмей уәкілетті органның ведомствосына немесе оның аумақтық бөлімшесіне келісілген шекті бағаны көтерместен, келісілген инвестициялық бағдарламаны (жобаны) түзету туралы ұсыныспен жүгіне алады.

38. Келісілген инвестициялық бағдарламаны (жобаны) өзгерту туралы ұсынысқа:

инвестициялық бағдарламаға өзгерістер енгізуді негіздейтін материалдарды (бизнес-жоспарды, прайс-парақтарды, шарттардың көшірмелерін, белгіленген тәртіппен сараптамадан өткен жобалау-сметалық құжаттаманы) қоса бере отырып, түзетулер ескерілген инвестициялық бағдарламаның жобасы;

негіздейтін материалдарды қоса бере отырып, инвестициялық бағдарламаға (жобаға) өзгерістер енгізу қажеттілігі туралы Субъектінің бағалауы;

қаржыландыру мен қарыз қаражатын қайтарудың ықтимал талаптары қоса беріледі.

Егер инвестициялық бағдарламаны (жобаны) іске асыру үшін қаржыландыру республикалық және (немесе) жергілікті бюджеттерден қаражат бөлінсе немесе Қазақстан Республикасы Үкіметінің кепілдігімен кредиттер тартылса, онда қаржыландырудың мөлшері мен талаптарын растайтын құжаттар ұсынылады.

39. Уәкілетті органның ведомствосы немесе оның аумақтық бөлімшесі келісілген инвестициялық бағдарламаны (жобаны) түзету туралы ұсыныс берілген кезден бастап оны күнтізбелік отыз күн ішінде қарайды.

Инвестициялық бағдарламаның шекті бағада ескерілген келісілген сомасы төмендеген кезде уәкілетті органның ведомствосы Субъектінің шекті бағасын төмендетеді.

40. Келісілген инвестициялық бағдарламаны (жобаны) өзгертуден бас тартылған жағдайда уәкілетті органның ведомствосы немесе оның аумақтық бөлімшесі Субъектіге келісілген инвестициялық бағдарламаны (жобаны) өзгертуден бас тарту туралы дәлелді қорытынды жібереді.

38-тармақта көрсетілген құжаттарды ұсынбау және (немесе) толық көлемде ұсынбау бас тарту үшін негіз болып табылады.

41. Тауарларына (жұмыстарына, көрсетілетін қызметтеріне) шекті бағаны есептеу осы Қағидаларға 12,12-1 және 12-2-қосымшаларға сәйкес жүргізілетін тауарлық газды бөлшек саудада өткізу және электр энергиясын орталықтандырылған сатып алу және орталықтандырылған сату және (немесе) электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметті орталықтандырылған сатып алу және электр қуатының жүктеме көтеруге әзірлігін қамтамасыз ету бойынша көрсетілетін қызметті орталықтандырылған сату саласындағы Субъектілерді қоспағанда, Субъектінің тауарларына (жұмыстарына, көрсетілетін қызметтеріне) шекті бағаны есептеу осы Қағидаларға 11-қосымшаға сәйкес жүргізіледі.

Ескерту. 41-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық экономика министрінің 04.08.2023 № 145 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

42. Субъект Кодекстің 124-8-бабының 1) тармақшасына сәйкес уәкілетті органның ведомствосына немесе оның аумақтық бөлімшесіне:

20_жылғы (жартыжылдық) шекті бағада (экономикалық қызметтің жалпы жіктеуіші бойынша қызмет түрі) ескерілген, инвестициялық бағдарламаның (жобаның) орындалуы (қоғамдық маңызы бар нарық субъектісінің атауы, бизнес сәйкестендіру нөмірі/жеке сәйкестендіру нөмірі) не орындалмауы туралы жартыжылдық ақпаратты

1 тамыздан кешіктірмей – осы Қағидаларға 15-қосымшаға сәйкес нысан бойынша (экономикалық қызметтің жалпы жіктеуіші бойынша қызмет түрі) шекті бағада ескерілген инвестициялық бағдарламаның (жобаның) орындалуы не орындалмауы туралы (қоғамдық маңызы бар нарық субъектісінің атауы, бизнес сәйкестендіру нөмірі/жеке сәйкестендіру нөмірі) жартыжылдық ақпаратты;

1 мамырдан кешіктірмей – өткен жыл үшін осы Қағидалардың 15-қосымшасына сәйкес нысан бойынша (экономикалық қызметтің жалпы жіктеуіші бойынша қызмет түрі) шекті бағада ескерілген инвестициялық бағдарламаның (жобаның) орындалуы не орындалмауы (қоғамдық маңызы бар нарық субъектісінің атауы, бизнес сәйкестендіру нөмірі/жеке сәйкестендіру нөмірі) туралы жартыжылдық ақпаратты;

есепті айдан кейінгі соңғы екі айдан кешіктірмей, осы Қағидаларға 16, 17 және 18-қосымшаларға сәйкес нысан бойынша өндірілетін (өткізілетін) тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өндіру (өткізу) көлемі, кірістілік деңгейі және босату бағалары туралы ай сайынғы ақпаратты;

Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы заңнамасына сәйкес есепті тоқсаннан кейінгі айдың соңғы күнінен кешіктірмей тоқсан сайынғы қаржылық есептілікті;

есепті жартыжылдықтан кейінгі айдың жиырма бесінен кешіктірмей, растайтын материалдарды қоса бере отырып, Кодекстің 124-5-бабы 1-тармағының 2), 4) және 5) тармақшаларында көрсетілген қоғамдық маңызы бар нарық субъектілерін қоспағанда, шекті бағада ескерілген электр энергиясын, тауарлық газды сатып алу және (немесе) беру жөніндегі қаражатты пайдалану туралы жартыжылдық ақпаратты;

бағаларды мемлекеттік реттеу енгізілген күннен бастап немесе тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді өндіру (өткізу) басталған кезден бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей не алдағы уақытта тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің босату бағасын көтеруге дейін кемінде күнтізбелік отыз күн бұрын баға деңгейін растайтын негіздеуші материалдарды қоса бере отырып, босату бағалары туралы ақпаратты ұсынады.

43. Субъект осы Қағидаларға сәйкес шекті бағаларда ескерілген инвестициялық бағдарламаның (жобаның) іс-шараларын орындайды.

Субъект шекті бағаларда ескерілген инвестициялық бағдарламаларды (жобаларды) іске асыруға алынған және пайдаланылмаған кірісті тікелей тұтынушыларға не осы Қағидаларға сәйкес алдағы кезеңге шекті бағаның деңгейін төмендету жолымен тұтынушылардың толық тізбесін белгілеу мүмкін болмаған жағдайда қайтарады.

44. Субъект мерзімді баспасөз басылымын, теле-радиоарнаны, киноқұжаттықты, дыбыс-бейне жазбасын және Субъектінің интернет-ресурсын қоса алғанда, бұқаралық ақпаратты мерзімді немесе үздіксіз бұқаралық таратудың өзге де нысанын бұқаралық ақпарат құралдарында орналастырады:

есепті жартыжылдықтан кейінгі айдың жиырма бесінен кешіктірмей, растайтын материалдарды қоса бере отырып, Кодекстің 124-5-бабы 1-тармағының 2), 4) және 5) тармақшаларында көрсетілген қоғамдық маңызы бар нарықтар субъектілерін қоспағанда, шекті бағада ескерілген электр энергиясын, тауарлық газды сатып алу және (немесе) беру жөніндегі қаражатты пайдалану туралы жартыжылдық ақпаратты;

есепті жартыжылдықтан кейінгі айдың жиырма бесінен кешіктірмей, шекті бағада ескерілген, тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) тұтыну, оның ішінде жекелеген тұтынушылар топтарының тұтыну көлемінің асып кетуі нәтижесінде алынған кіріс туралы жартыжылдық ақпаратты;

есепті жартыжылдықтан кейінгі айдың жиырма бесінен кешіктірмей, шекті бағада ескерілген инвестициялық бағдарламаның орындалғаны не орындалмағаны туралы жартыжылдық ақпаратты;

уәкілетті органның ведомствосына немесе оның аумақтық бөлімшесіне келісу үшін жіберілген күннен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірмей, тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) шекті бағаларын көтеру туралы ақпаратты және негіздеуші материалдарды орналастырады.

45. Субъект өзінің интернет-ресурсында не уәкілетті орган ведомствосының интернет-ресурсында босату бағалары туралы, жария тыңдаулардың нәтижелері және қаржылық есептілік туралы ақпаратты орналастырады.

46. Инвестициялық бағдарлама келісілген сәттен бастап бір жылдық мерзім өткеннен кейін шекті бағада ескерілген инвестициялық бағдарлама орындалмаған жағдайда уәкілетті органның ведомствосы және оның аумақтық бөлімшесі инвестициялық бағдарламаның орындалуы туралы не орындалмауы туралы ақпаратты қарау қорытындылары бойынша Субъектіге Кодекстің 124-6-бабының 7) тармақшасына сәйкес нұсқама енгізеді.

Субъект уәкілетті орган ведомствосының немесе оның аумақтық бөлімшесінің нұсқамаларын Кодекстің 124-8-бабының 7) тармақшасында көзделген мерзімдерде орындайды.

Қоғамдық маңызы бар
нарықтарда баға белгілеу
қағидаларына
I-қосымша
Нысан

Алдағы уақытта тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) шекті бағасын көтеру туралы ақпарат

1. Қоғамдық маңызы бар нарық субъектісінің атауы _____
 2. Тауар (жұмыс, көрсетілетін қызмет) түрі _____
 3. Жоспарланған іс-қимылдар _____
(алдағы уақытта шекті бағаны көтеру туралы ақпарат)
 4. Қоғамдық маңызы бар нарық субъектісі шекті бағаны көтеруді жоспарлаған күн _____
 5. Қоса берілген құжаттар (материалдар) _____
- Басшы _____
аты, әкесінің аты (болған жағдайда), тегі (қолы)

Қоғамдық маңызы бар
нарықтарда баға белгілеу
қағидаларына
2-қосымша
Нысан

Электр энергиясына шекті бағаның құрылымы

Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық экономика министрінің 04.08.2023 № 145 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

_____ (қоғамдық маңызы бар нарық субъектісінің атауы, бизнес сәйкестендіру нөмірі)
_____ бастап қолданысқа енгізе отырып,
электрмен жабдықтау жөніндегі қызметтерді көрсетуге

Атауы	Көлем (кВтсағ.; МВт)	Айына 1 кВт/сағ. үшін, 1 МВт үшін бағасы	Құны (теңге)
Көзден сатып алу			
1-көз			
2-көз			
3-көз			
Сатып алуға орташа өлшенген баға жиыны			
Өңірлік электр желісі компаниясының және энергия беруші ұйымдардың атауы			
Өңірлік электр желісі компаниясы			
1-энергия беруші ұйым			
2-энергия беруші ұйым			
Электр энергиясын берудің орташа өлшенген бағасының жиыны			

Электр қуаты нарығында электр қуатының жүктеме көтеруге әзірлігін қамтамасыз ету жөніндегі көрсетілетін қызметтерге ақы төлеуге арналған шығындар			
Электр қуатының жүктеме көтеруге әзірлігін қамтамасыз ету жөніндегі көрсетілетін қызметтердің есептік немесе шартты көлемі мен осы көрсетілетін қызметтің тиісті кезеңдегі нақты көлемі арасындағы айырмашылық			
Теңгерімдеуші нарық бойынша шығындар			
"KEGOC" акционерлік қоғамының жүйелік көрсетілетін қызметтерінің құны, оның ішінде:			
ұлттық электр желісі арқылы электр энергиясын беру бойынша			
ұлттық электр желісін пайдалану бойынша			
электр энергиясын техникалық диспетчерлеу және желіге жіберу және тұтыну бойынша			
электр энергиясын өндіруді-тұтынуды теңгерімдеуді ұйымдастыру бойынша			
Электр қуатын реттеу жөніндегі көрсетілетін қызметтердің құны			
"КОРЭМ" акционерлік қоғамының электр энергиясының орталықтандырылған саудасының бірыңғай сатып алушысы қызметтерінің құны (болған жағдайда)			

"КОРЭМ" акционерлік қоғамының электр энергиясының орталықтандырылған сауда нарығы операторы қызметтерінің құны (болған жағдайда)			
Жабдықтау үстемеақысы, барлығы			
Пайда			
Барлық босату тарифі (қосылған құн салығын есепке алмастан)			

Қоғамдық маңызы бар
нарықтарда баға белгілеу
қағидаларына
3-қосымша
Нысан

Шекті бағаны келісу туралы хабарлама

Уәкілетті органның ведомствосы немесе аумақтық уәкілетті орган Тауарларға (жұмыстарға, көрсетілетін қызметтерге) бағалардың шекті бағадан жоғары көтерілуі туралы ақпаратты қарап

(қоғамдық маңызы бар нарық субъектісінің атауы) көрсетілетін қызметтерге (көрсетілетін қызметтердің түрлері) алдағы уақытта шекті бағаны көтеру туралы хабарламаны қарап,
Қағидаларға сәйкес _____
(көрсетілетін қызметтер, қоғамдық маңызы бар нарық субъектісінің атауы, қолдану күні) шекті бағаны келісу туралы хабарлайды.

Негіздеме _____
(шекті бағаны келісу себебі)

Басшы _____
аты, әкесінің аты (болған жағдайда), тегі (қолы)

Қоғамдық маңызы бар
нарықтарда баға белгілеу
қағидаларына
4-қосымша
Нысан

Қолданыстағы немесе жобаланған бағаны шекті бағаның деңгейіне дейін төмендету жөніндегі дәлелді қорытынды

Уәкілетті органның ведомствосы немесе аумақтық уәкілетті орган Тауарларға (жұмыстарға, көрсетілетін қызметтерге) бағалардың шекті бағадан жоғары көтерілуі туралы ақпаратты қарап

— (қоғамдық маңызы бар нарық субъектісінің атауы) _____ көрсетілетін қызметтеріне (көрсетілетін қызметтердің түрлері) шекті бағаның алдағы көтерілуі туралы хабарламасын қарап, Қағидаларға сәйкес

— (қоғамдық маңызы бар нарық субъектісінің атауы) қоғамдық маңызы бар көрсетілетін қызметтерінің қолданыстағы немесе жобаланған шекті бағасын Қағидаларға сәйкес негізделген шекті баға деңгейіне дейін төмендетудің қажеттілігі туралы хабарлайды.

Негіздеме _____
(қолданыстағы немесе жобаланған шекті бағаны төмендету себебі)

Басшы _____
аты, әкесінің аты (болған жағдайда), тегі (қолы)

Қоғамдық маңызы бар
нарықтарда баға белгілеу
қағидаларына
5-қосымша
Нысан

Шекті бағаны көтеруге тыйым салу туралы дәлелді қорытынды

Уәкілетті органның ведомствосы немесе аумақтық уәкілетті орган Тауарларға (жұмыстарға, көрсетілетін қызметтерге) бағалардың шекті бағадан жоғары көтерілуі туралы ақпаратты қарап

(қоғамдық маңызы бар нарық субъектісінің атауы) _____ көрсетілетін қызметтеріне (көрсетілетін қызметтердің түрлері) шекті бағалардың алдағы көтерілуі туралы хабарламаны қарап, Қағидаларға сәйкес

— (көрсетілетін қызметтер, қоғамдық маңызы бар нарық субъектісінің атауы)

шекті бағалардың алдағы көтерілуіне тыйым салынатыны туралы хабарлайды.

Негіздеме _____

Басшы _____

аты, әкесінің аты (болған жағдайда) тегі, (қолы)

Қоғамдық маңызы бар
нарықтарда баға белгілеу
қағидаларына
6-қосымша
Нысан

Электрмен жабдықтау жөніндегі қызметтерді көрсетуге арналған шығыстар сметасы (жабдықтау үстемеақысы)

P/c №	Көрсеткіштердің атауы	Өлшем бірлігі	Келісілді
I	Көрсетілетін қызметтерді ұсынуға арналған шығындар, барлығы	мың теңге	
	Оның ішінде	мың теңге	
1	Материалдық шығындар, барлығы	мың теңге	
	Оның ішінде	мың теңге	
1.1	Өзге де материалдар	мың теңге	
1.2	Жанар-жағармай материалдары	мың теңге	
2	Еңбекке ақы төлеу шығындары, барлығы	мың теңге	
	Оның ішінде	мың теңге	
2.1	Жалақы	мың теңге	
2.2	Әлеуметтік салық	мың теңге	
2.3	Әлеуметтік төлемдер	мың теңге	
2.4	Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру	мың теңге	
3	Амортизация	мың теңге	
4	Өзге шығындар, барлығы	мың теңге	
	Оның ішінде		
4.1	Қосалқы бөлшектер	мың теңге	
4.2	Автокөлікті ұстау шығыстары	мың теңге	
4.3	Жұмыскерлерді сақтандыру	мың теңге	
4.4	Автокөлікті сақтандыру	мың теңге	
4.5	Кеңсе тауарларына арналған шығыстар	мың теңге	
4.6	Баспахана қызметтерінің шығыстары	мың теңге	

4.7	Жылжымайтын мүлікті жалдау шығыстары	мың теңге	
4.8	Коммуналдық көрсетілетін қызметтер	мың теңге	
4.9	Объектіні күзету шығыстары	мың теңге	
4.10	Өрт сөндіру құралдарына шығыстар	мың теңге	
4.11	Жол жүру билеттері	мың теңге	
4.12	Медициналық тексеру	мың теңге	
4.13	Негізгі құралдарды жөндеу	мың теңге	
4.14	Кадрларды оқыту	мың теңге	
II	Кезең шығыстары	мың теңге	
5	Жалпы және әкімшілік шығыстар, барлығы	мың теңге	
	Оның ішінде		
5.1	Еңбекке ақы төлеу шығындары, барлығы	мың теңге	
5.2	Әкімшілік басқарушы персоналдың жалақысы	мың теңге	
5.3	Әлеуметтік салық	мың теңге	
5.4	Амортизация	мың теңге	
5.5	Салық төлемдері мен алымдар	мың теңге	
5.6	Иссапар шығыстары	мың теңге	
5.7	Байланыс қызметтері	мың теңге	
5.8	Аудиторлық көрсетілетін қызметтерге ақы төлеу	мың теңге	
5.9	Банк қызметтері	мың теңге	
5.10	Басқа да шығыстар, барлығы	мың теңге	
	Оның ішінде		
5.10.1	Жанар-жағармай материалдары	мың теңге	
5.10.2	Қосалқы бөлшектер	мың теңге	
5.10.3	Автокөлікті ұстау шығыстары	мың теңге	
5.10.4	Автокөлікті сақтандыру	мың теңге	
5.10.5	Нотариаттық көрсетілетін қызметтердің шығыстары	мың теңге	
5.10.6	Жұмыскерлерді сақтандыру шығыстары	мың теңге	
5.10.7	Баспахана қызметтерінің шығыстары	мың теңге	

5.10.8	Мерзімді баспа шығыстары	мың теңге	
5.10.9	Кеңсе тауарларына арналған шығыстары	мың теңге	
5.10.10	ІС қызмет көрсету шығыстары	мың теңге	
5.10.11	Ұйымдастыру техникасын ұстау шығыстары	мың теңге	
5.10.12	Пошта көрсетілетін қызметтерінің шығыстары	мың теңге	
5.10.13	Өзге материалдарға арналған шығыстар	мың теңге	
5.10.14	Хабарландыруларға арналған шығыстар	мың теңге	
5.10.15	Автокөлікті жалдау және оны ұстау	мың теңге	
5.10.16	Ақпараттық көрсетілетін қызметтер	мың теңге	
5.10.17	Күзет көрсететін қызметтері	мың теңге	
5.10.18	Заңгерлік көрсетілетін қызметтері	мың теңге	
5.10.19	Негізгі құралдарды жөндеу	мың теңге	
5.10.20	Консультациялық көрсетілетін қызметтер бойынша шығыстар	мың теңге	
5.10.21	Бағдарламалық қамтамасыз етуді қолдау бойынша көрсетілетін қызметтер	мың теңге	
5.10.22	Жабдықты техникалық сүйемелдеу бойынша көрсетілетін қызметтер	мың теңге	
5.10.23	Компьютерлерді/ жабдықты жалдау	мың теңге	
5.10.24	Бейнебақылау көрсететін қызметтері	мың теңге	
5.10.25	"Кол-орталық" жабдығын сүйемелдеу	мың теңге	
5.10.26	"Электрондық кезекке" қызмет көрсету бойынша шығыстар	мың теңге	
6	Қарыз қаражаттары үшін сыйақы төлеуге арналған шығыстар	мың теңге	

III	Жабдықтау үстемеақысы бойынша барлық шығын	мың теңге	
IV	Пайда	мың теңге	
V	Барлық кіріс	мың теңге	
VI	Өткізу көлемі	мың кВт/сағ.	
VII	Қосымша құн салығын есепке алусыз өткізу құрамдас бөлігі	теңге/кВтсағ.	

Қоғамдық маңызы бар
нарықтарда баға белгілеу
қағидаларына
7-қосымша
Нысан

Газды бөлшек саудада өткізу жөніндегі қызметтерді көрсетуге арналған шығыстар сметасы (жабдықтау үстемеақысы)

Р/с №	Көрсеткіштердің атауы	Өлшем бірлігі	Келісілді
I	Тауарлар өндіруге және көрсетілетін қызметтерді ұсынуға арналған шығындар, барлығы	мың теңге	
	Оның ішінде	мың теңге	
1	Материалдық шығындар, барлығы	мың теңге	
	Оның ішінде	мың теңге	
1.1	Материалдар	мың теңге	
1.2	Отын	мың теңге	
1.3	Электр энергиясы		
2	Еңбекке ақы төлеу шығындары, барлығы	мың теңге	
	Оның ішінде	мың теңге	
2.1	Жалақы	мың теңге	
2.2	Әлеуметтік салық	мың теңге	
2.3	Әлеуметтік төлемдер	мың теңге	
2.4	Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру	мың теңге	
3	Амортизация	мың теңге	
4	Жөндеу	мың теңге	
5	Бөгде ұйымдардың көрсетілетін қызметтері	мың теңге	
6	Өзге де шығындар (толық жазу)	мың теңге	
II	Кезең шығыстары	мың теңге	
7	Жалпы және әкімшілік шығыстар, барлығы	мың теңге	

	Оның ішінде		
7.1	Еңбекке ақы төлеу шығындары, барлығы	мың теңге	
7.2	Жалақы	мың теңге	
7.3	Әлеуметтік салық	мың теңге	
7.4	Амортизация	мың теңге	
7.5	Салықтар	мың теңге	
7.6	Иссапар шығыстары	мың теңге	
7.7	Байланыс қызметтері	мың теңге	
7.8	Банк қызметтері	мың теңге	
7.9	Басқа шығыстар (толық жазу)	мың теңге	
8.	Сыйақылар төлеуге арналған шығыстар	мың теңге	
III	Барлық шығындар	мың теңге	
IV	Пайда	мың теңге	
V	Барлық кірістер	мың теңге	
VI	Көрсетілетін қызметтер көлемі	заттай мәнде	
	Қосымша құн салығын есепке алусыз өткізу құрамдас бөлігі (жабдықтау үстемеақысы)	теңге/1000 м3	

Анықтама ретінде:

	Персоналдың тізім бойынша орташа саны,	адам	
	Оның ішінде:		
	өндірістік		
	әкімшілік		
	Орташа айлық жалақы, барлығы, оның ішінде	теңге	
	өндірістік персоналдың		
	әкімшілік персоналдың		

Ескертпе: шығындар көрсетілетін қызметке байланысты қажет болған жағдайда кеңейтілуі және (немесе) қысқартылуы мүмкін.

Қоғамдық маңызы бар
нарықтарда баға белгілеу
қағидаларына
8-қосымша
Нысан

Қоғамдық маңызы бар нарық субъектісі шығыстарының сметасы

Р/с №	Көрсеткіштердің атауы	Өлшем бірлігі	Келісілді

I	Тауарлар өндіруге және көрсетілетін қызметтерді ұсынуға арналған шығындар, барлығы	мың теңге	
	Оның ішінде	мың теңге	
1	Материалдық шығындар, барлығы	мың теңге	
	Оның ішінде	мың теңге	
1.1	Материалдар	мың теңге	
1.2	Отын	мың теңге	
1.3	Электр энергиясы		
2	Еңбекке ақы төлеу шығындары, барлығы	мың теңге	
	Оның ішінде	мың теңге	
2.1	Жалақы	мың теңге	
2.2	Әлеуметтік салық	мың теңге	
2.3	Әлеуметтік төлемдер	мың теңге	
2.4	Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру	мың теңге	
3	Амортизация	мың теңге	
4	Жөндеу	мың теңге	
5	Бөгде ұйымдардың көрсетілетін қызметтері	мың теңге	
6	Өзге де шығындар (толық жазу)	мың теңге	
II	Кезең шығыстары	мың теңге	
7	Жалпы және әкімшілік шығыстар, барлығы	мың теңге	
	Оның ішінде		
7.1	Еңбекақы төлеу шығындары, барлығы	мың теңге	
7.2	Жалақы	мың теңге	
7.3	Әлеуметтік салық	мың теңге	
7.4	Амортизация	мың теңге	
7.5	Салықтар	мың теңге	
7.6	Иссапар шығыстары	мың теңге	
7.7	Байланыс қызметтері	мың теңге	
7.8	Банк қызметтері	мың теңге	
7.9	Басқа шығыстар (толық жазу)	мың теңге	
8.	Сыйақылар төлеуге арналған шығыстар	мың теңге	
III	Барлық шығындар	мың теңге	
IV	Пайда	мың теңге	

V	Барлық кірістер	мың теңге	
VI	Көрсетілетін қызметтер көлемі	заттай мәнде	
	Қосымша құн салығын есепке алусыз өткізу құрамдас бөлігі (жабдықтау үстемеақысы)	теңге/1000 м3	

Анықтама ретінде

	Персоналдың тізім бойынша орташа саны,	адам	
	Оның ішінде:		
	Өндірістік		
	Әкімшілік		
	Орташа айлық жалақы, барлығы, оның ішінде	теңге	
	өндірістік персоналдың		
	әкімшілік персоналдың		

Ескертпе: шығындар көрсетілетін қызметке байланысты қажет болған жағдайда кеңейтілуі және (немесе) қысқартылуы мүмкін.

Қоғамдық маңызы бар
нарықтарда баға белгілеу
қағидаларына
9-қосымша

Тауарлық газды бөлшек саудада өткізудің шекті бағасының құрылымы (филиалдар бөлінісінде)

Ескерту. 9-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық экономика министрінің м.а. 31.03.2023 № 42 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

№	Атауы	Өлшем бірлігі	Деңгейі
1	Тауарлық газды көтерме саудада өткізудің шекті бағасы	теңге/1000 м ³	
2	Тауарлық газды газ тарату жүйелері арқылы тасымалдауға арналған тариф		
3	Тауарлық газды бөлшек саудада өткізу шығындары (жабдықтау үстемеақысы)		
4	Тауарлық газдың шекті бағасының жиыны, оның ішінде:		
Тауарлық газды газ тарату жүйелері арқылы тасымалдауға арналған тарифті есепке алмай			

1	Тұрмыстық тұтынушылар (халық)		
2	Жылу энергетикасы компаниялары халық үшін жылу энергиясын өндіруге арналған тауарлық газды тұтыну көлемінде		
3	Жылу энергетикасы компаниялары заңды тұлғалар үшін жылу энергиясын өндіруге арналған тауарлық газды тұтыну көлемінде		
4	Жылу энергетикасы компаниялары электр энергиясын өндіруге арналған тауарлық газды тұтыну көлемінде		
5	Тұтынушылардың I, II, III, IV, VI, VII, VIII және IX топтарына жатпайтын өзге де заңды тұлғалар		
6	Бюджет қаражаты есебінен ұсталатын бюджеттік ұйымдар		
7	Тауарлық газды мұнай-газ-химия өнімдерін өндіру жөніндегі инвестициялық жобаларды іске асыру мақсатында өнеркәсіптік өндірісте отын және (немесе) шикізат ретінде пайдалану үшін сатып алатын және уәкілетті орган бекітетін тізбеге енгізілген заңды тұлғалар		
8	Тауарлық газды одан әрі тұтынушыларға өткізу мақсатында сығымдалған және (немесе) сұйытылған табиғи газды өндіру үшін сатып алатын заңды тұлғалар		
9	Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек және (немесе) тұрғын үй көмегін алатын тұрмыстық тұтынушылар (халық)		

10	Ірі коммерциялық тұтынушылар		
11	Цифрлық майнингті жүзеге асыратын тұлғалар немесе цифрлық майнингті жүзеге асыру үшін электр энергиясын өндіру бойынша тұлғалар		
Тауарлық газды газ тарату жүйелері арқылы тасымалдауға арналған тарифті есепке алумен			
1.	Тұрмыстық тұтынушылар (халық)		
2.	Жылу энергетикасы компаниялары халық үшін жылу энергиясын өндіруге арналған тауарлық газды тұтыну көлемінде		
3.	Жылу энергетикасы компаниялары заңды тұлғалар үшін жылу энергиясын өндіруге арналған тауарлық газды тұтыну көлемінде		
4.	Жылу энергетикасы компаниялары электр энергиясын өндіруге арналған тауарлық газды тұтыну көлемінде		
5.	Тұтынушылардың I, II, III, IV, VI, VII, VIII және IX топтарына жатпайтын өзге де заңды тұлғалар		
6.	Бюджет қаражаты есебінен ұсталатын бюджеттік ұйымдар		
7.	Тауарлық газды мұнай-газ-химия өнімдерін өндіру жөніндегі инвестициялық жобаларды іске асыру мақсатында өнеркәсіптік өндірісте отын және (немесе) шикізат ретінде пайдалану үшін сатып алатын және уәкілетті орган бекітетін тізбеге енгізілген заңды тұлғалар		
8.	Тауарлық газды одан әрі тұтынушыларға өткізу мақсатында сығымдалған және (немесе)		

	сұйытылған табиғи газды өндіру үшін сатып алатын заңды тұлғалар		
9.	Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек және (немесе) тұрғын үй көмегін алатын тұрмыстық тұтынушылар (халық)		
10	Ірі коммерциялық тұтынушылар		
11	Цифрлық майнингті жүзеге асыратын тұлғалар немесе цифрлық майнингті жүзеге асыру үшін электр энергиясын өндіру бойынша тұлғалар		

Ескертпе: Тұтынушылар тауарлық газды газ тарату жүйелері арқылы тасымалдауға арналған тарифті есепке алмай сатып алған жағдайда.

Қоғамдық маңызы бар
нарықтарда баға белгілеу
қағидаларына
10-қосымша
Нысан

Қоғамдық маңызы бар нарық субъектісі инвестициялық бағдарламасының жобасы

№	Қаржыландыру көздерінің бөлінісінде инвестициялық бағдарламаны (жобаны) іске асыру туралы ақпарат, мың теңге						
	Іс-шаралардың атауы	Өлшем бірлігі (Заттай көрсеткіште р үшін)	(Заттай көрсеткіштегі сан	Инвестициялық бағдарламаның (жобаның) сомасы, мың теңге	Өз қаражаты	Қарыз қаражаты	Бюджет қаражаты
1	2	3	4	5	6	7	8
1.1							
....							
2							
...							

Ұйымның басшысы _____

(аты, әкесінің аты (болған жағдайда) тегі, қолы, күні)

Қоғамдық маңызы бар
нарықтарда баға белгілеу
қағидаларына
11-қосымша

Қоғамдық маңызы бар нарық субъектілерінің тауарларына (жұмыстарына, көрсетілетін қызметтеріне) шекті бағаны есептеу

1. Қоғамдық маңызы бар нарық субъектілерінің тауарларына (жұмыстарына, көрсетілетін қызметтеріне) шекті бағаларды есептеу үшін мына формула қолданылады.

$$Z_i = C_i + P_i,$$

мұндағы:

Z_i – i көрсетілетін қызметіне баға;

C_i – i көрсетілетін қызметінің өзіндік құны;

P_i – i көрсетілетін қызметіне пайда.

2. Қоғамдық маңызы бар нарық субъектілерінің тауарларына (жұмыстарына, көрсетілетін қызметтеріне) шекті бағаларды қалыптастыру Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексінің, оның ішінде Қағидалардың талаптары ескеріле отырып жүзеге асырылады.

3. Қоғамдық маңызы бар нарық субъектілерінің көрсетілетін қызметтерін (тауарларын, жұмыстарын) ұсынудың өзіндік құны мына формула бойынша есептеледі:

$$C_i = \frac{\sum S_{ij}}{N_{ij}},$$

мұндағы:

C_i – талдау жасалатын уақыт кезеңі ішінде ұсынылатын i көрсетілетін қызмет бірлігінің өзіндік құны;

S_{ij} – талдау жасалатын уақыт кезеңі ішінде ұсынылатын i көрсетілетін қызметін жасаудың (желі элементтерін қолданудың) технологиялық процесіне сүйене отырып айқындалатын экономикалық негізделген шығындар сомасы;

N_{ij} – заңнамада белгіленген тәртіппен айқындалатын, қоғамдық маңызы бар нарық субъектісінің көрсетілетін қызметті тұтынушылармен жасаған шарттарымен, қоғамдық маңызы бар нарық субъектісінің заттай көрсеткіште талдау жасалатын уақыт кезеңі ішінде ұсынылатын бағалар деңгейін қолдау немесе көтеру мақсатында көлемдерді төмендетуге жол бермеу мүмкіндіктеріне сүйене отырып, ниет хаттамаларымен және есептеулермен расталған i реттелетін қызмет ұсынудың жоспарланған және (немесе) іс жүзіндегі жылдық көлемі.

4. Қоғамдық маңызы бар нарық субъектісі шекті бағаға қосатын i көрсетілетін қызметіне пайда деңгейі инвестициялық бағдарламаны (жобаны) іске асыруға қажетті қаражат ескеріліп шектеледі.

Қоғамдық маңызы бар нарық субъектісінде инвестициялық бағдарлама (жоба) болмаған жағдайда, қоғамдық маңызы бар нарық субъектісінің шекті бағаға енгізілген пайда деңгейі Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық даму факторларына сүйене отырып айқындалады.

Қоғамдық маңызы бар
нарықтарда баға белгілеу
қағидаларына
12-қосымша

Қоғамдық маңызы бар нарық субъектілерінің тауарлық газды бөлшек саудада өткізуінің шекті бағасын есептеу

Ескерту. 12-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық экономика министрінің м.а. 31.03.2023 № 42 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Субъектілердің тауарлық газды бөлшек саудада өткізуінің шекті бағасын есептеу "Газ және газбен жабдықтау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабының 7) тармақшасына сәйкес бекітілетін ішкі нарықта тауарлық газды көтерме саудада өткізудің шекті бағаларын (бұдан әрі – көтерме сауда бағалары) саралау арқылы тұтынушылардың I тобынан бастап VI тобы аралығындағы топтарға және IX тобына тауарлық газды бөлшек саудада өткізу бағаларын саралауды ескере отырып (газды магистральдық газ құбырлары арқылы тасымалдауға және сақтауға арналған тарифті ескере отырып), әрбір облыс, республикалық маңызы бар қала, астана үшін жеке жүзеге асырылады.

Тұтынушылардың VII, VIII, X, XI топтары үшін көтерме сауда бағаларын саралау жүзеге асырылмайды.

2. Тауарлық газды бөлшек саудада өткізудің шекті бағасын қалыптастыру Қағидаларға сәйкес жүзеге асырылады.

3. Тауарлық газды бөлшек саудада өткізудің сараланған шекті бағасын белгілеу мақсатында тұтынушылардың мынадай топтары бөліп көрсетілген:

тұтынушылардың I тобы – тауарлық газды газ тарату жүйесінен бөлшек саудада өткізу жөніндегі көрсетілетін қызметті алатын тұрмыстық тұтынушылар (халық);

тұтынушылардың II тобы – тауарлық газды халық үшін жылу энергиясын өндіру мақсатында сатып алатын жылу энергетикасы компаниялары (бұдан әрі – халық үшін ЖЭК);

тұтынушылардың III тобы – тауарлық газды заңды тұлғалар үшін жылу энергиясын өндіру мақсатында сатып алатын жылу энергетикасы компаниялары (бұдан әрі – заңды тұлғалар үшін ЖЭК);

тұтынушылардың IV тобы – тауарлық газды электр энергиясын өндіру үшін сатып алатын жылу энергетикасы компаниялары;

тұтынушылардың V тобы – тұтынушылардың I, II, III, IV, VI, VII, VIII, IX, X және XI топтарына жатпайтын өзге де тұтынушылар;

тұтынушылардың VI тобы – бюджет қаражаты есебінен ұсталатын бюджеттік ұйымдар;

тұтынушылардың VII тобы – тауарлық газды мұнай-газ-химия өнімдерін өндіру жөніндегі инвестициялық жобаларды іске асыру мақсатында өнеркәсіптік өндірісте отын және (немесе) шикізат ретінде пайдалану үшін сатып алатын және газбен жабдықтау жөніндегі уәкілетті орган бекітетін тізбеге енгізілген заңды тұлғалар;

тұтынушылардың VIII тобы – тауарлық газды одан әрі тұтынушыларға өткізу мақсатында сығымдалған және (немесе) сұйытылған табиғи газ өндіру үшін сатып алатын заңды тұлғалар.

тұтынушылардың IX тобы – мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек және (немесе) тұрғын үй көмегін алатын тұрмыстық тұтынушылар (халық).

тұтынушылардың IX тобы үшін тауарлық газ бағасының өсуі тиісті жылғы Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық даму болжамы (инфляция) дәлізінің төменгі шегінен аспайды.

тұтынушылардың X тобы – ірі коммерциялық тұтынушылар;

Ірі коммерциялық тұтынушылар үшін белгіленетін шекті бағалар:

әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларын;

цифрлық майнингті жүзеге асыратын тұлғаларды қоспағанда, халық және заңды тұлғалар үшін жылу және (немесе) электр энергиясын өндіруге қажетті тауарлық газды өткізу жөніндегі қатынастарға қолданылмайды.

тұтынушылардың XI тобы – цифрлық майнингті жүзеге асыратын тұлғалар немесе цифрлық майнингті жүзеге асыру үшін электр энергиясын өндіру бойынша тұлғалар.

4. Тұтынушылардың әрбір тобы үшін тауарлық газды бөлшек саудада өткізудің шекті бағасы Қағидаларға сәйкес айқындалады және тауарлық газды газ тарату жүйелері арқылы тасымалдауды есепке алмай және тауарлық газды газ тарату жүйелері арқылы тасымалдауды ескере отырып, тұтынушылардың тауарлық газды сатып алуына қарай бөлінеді.

5. Тұтынушылардың II тобынан бастап VIII тобы аралығындағы және X тобынан бастап XI тобы аралығындағы топтармен газ тарату жүйесі бойынша газ тасымалдауға жеке шарт жасалады.

6. Халық үшін тұтынушылардың I тобы үшін тауарлық газды бөлшек саудада өткізудің шекті бағасының құрылымы мыналардан:

тұтынушылардың I тобы үшін тауарлық газдың саралануы ескеріле отырып, оны бөлшек саудада өткізудің көтерме бағасынан;

газ тарату ұйымының тауарлық газды өткізу бойынша шығындарынан;

тауарлық газды газ тарату жүйелері арқылы тасымалдауға арналған тарифтен тұрады.

7. Тұтынушылардың II тобынан бастап VI тобы аралығында топтармен және IX тобы үшін тауарлық газды бөлшек саудада өткізудің шекті бағасының құрылымы мыналардан:

тауарлық газдың саралануын ескере отырып, оны бөлшек саудада өткізудің көтерме бағасынан;

газ тарату ұйымының тауарлық газды өткізу бойынша шығындарынан;

тауарлық газды газ тарату жүйелері арқылы тасымалдауға арналған тарифтен (тауарлық газды газ тарату жүйелері арқылы өнеркәсіптік тұтынушылар мен ТЭК сатып алған жағдайда) тұрады.

8. Тұтынушылардың VII тобы үшін тауарлық газды бөлшек саудада өткізудің шекті бағасының құрылымы мыналардан:

газбен жабдықтау саласындағы уәкілетті орган тұтынушылардың VII тобы үшін "Газ және газбен жабдықтау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабының 7) тармақшасына сәйкес бекіткен тауарлық газды көтерме саудада өткізудің шекті бағасынан;

газ тарату ұйымының тауарлық газды өткізу бойынша шығындарынан;

тауарлық газды газ тарату жүйелері арқылы тасымалдауға арналған тарифтен (тауарлық газды мұнай-газ-химия өнімдерін өндіру жөніндегі инвестициялық жобаларды іске асыру мақсатында өнеркәсіптік өндірісте отын және (немесе) шикізат ретінде пайдалану үшін сатып алатын және уәкілетті орган бекітетін тізбеге енгізілген заңды тұлғалар сатып алған жағдайда) тұрады.

9. Тұтынушылардың VIII тобы үшін тауарлық газды бөлшек саудада өткізудің шекті бағасының құрылымы мыналардан:

газбен жабдықтау саласындағы уәкілетті орган тұтынушылардың VIII тобы үшін бекіткен тауарлық газды көтерме саудада өткізудің шекті бағасынан;

газ тарату ұйымының тауарлық газды өткізу бойынша шығындарынан;

тауарлық газды газ тарату жүйелері арқылы тасымалдауға арналған тарифтен (тауарлық газды одан әрі тұтынушыларға өткізу мақсатында сығымдалған және (немесе) сұйытылған табиғи газды өндіру үшін сатып алатын заңды тұлғалар сатып алған жағдайда) тұрады.

10. Тұтынушылардың X тобы үшін тауарлық газды бөлшек саудада өткізудің шекті бағасының құрылымы мыналардан:

газбен жабдықтау саласындағы уәкілетті орган тұтынушылардың X тобы үшін бекіткен тауарлық газды көтерме саудада өткізудің шекті бағасынан;

газ тарату ұйымының тауарлық газды өткізу бойынша шығындарынан;

тауарлық газды газ тарату жүйелері арқылы тасымалдауға арналған тарифтен (ірі өнеркәсіптік тұтынушы тауарлық газды газ тарату жүйелері арқылы сатып алған жағдайда) тұрады.

11. Тұтынушылардың XI тобы үшін тауарлық газды бөлшек саудада өткізудің шекті бағасының құрылымы мыналардан:

газбен жабдықтау саласындағы уәкілетті орган тұтынушылардың XI тобы үшін бекіткен тауарлық газды көтерме саудада өткізудің шекті бағасынан;

газ тарату ұйымының тауарлық газды өткізу бойынша шығындарынан;

тауарлық газды газ тарату жүйелері арқылы тасымалдауға арналған тарифтен (цифрлық майнингті жүзеге асыратын тұлға немесе цифрлық майнингті жүзеге асыру үшін электр энергиясын өндіру бойынша тұлға сатып алған жағдайда) тұрады.

12. Тауарлық газдың көтерме бағаларын саралау "Газ және газбен жабдықтау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабының 7) тармақшасына сәйкес газды көтерме саудада өткізу бағалары өзгерген жағдайда жүзеге асырылады.

13. Тұтынушылардың I тобы үшін сараланған көтерме саудада сатып алу бағаларын есептеу мына формула бойынша жүзеге асырылады:

Тауарлық газды газ тарату жүйелері арқылы тасымалдауға арналған тарифті ескере отырып:

$$\text{Бсарал I} = (\text{Бқолд I} \times k) - \text{Қ-Т},$$

Тауарлық газды газ тарату жүйелері арқылы тасымалдауға арналған тарифті есепке алмай:

$$\text{Бсарал I} = (\text{Бқолд I} \times k) - \text{Қ}, \text{ мұнда:}$$

Бсарал I – тұтынушылардың I тобы үшін тауарлық газдың есептемелік сараланған көтерме бағасы (теңге/1000 м³);

Бқолд I – тұтынушылардың бірінші тобы үшін тауарлық газдың қолданыстағы шекті бағасы (теңге/1000 м³);

Қ – осы Қағидаларға сәйкес айқындалатын газ тарату ұйымының тауарлық газын өткізуге арналған шығындар;

Т – заңнамада белгіленген тәртіппен бекітілген газ тарату жүйелері арқылы тауарлық газды тасымалдауға арналған тариф;

k – Қазақстан Республикасының ішкі нарығында баға белгілеудің әлеуметтік-экономикалық факторлары негізінде айқындалатын тұтынушылардың I тобы үшін тауарлық газды өткізудің шекті бағасының өзгеруі коэффициенті.

14. Тұтынушылардың II тобы үшін тауарлық газдың сараланған көтерме бағаларын есептеу мына формула бойынша жүзеге асырылады:

Тауарлық газды газ тарату жүйелері арқылы тасымалдауға арналған тарифті ескере отырып:

$$\text{Бсарал II} = (\text{Бқолд II} \times k1) - \text{Қ-Т},$$

Тауарлық газды газ тарату жүйелері арқылы тасымалдау тарифін есепке алмай:

$$\text{Бсарал II} = (\text{Бқолд II} \times k1) - \text{Қ}, \text{ мұнда:}$$

Бсарал II – тұтынушылардың II тобы үшін тауарлық газдың есептік сараланған көтерме бағасы (теңге/1000 м³)

БқолдII – тұтынушылардың II тобы үшін тауарлық газдың қолданыстағы шекті бағасы (теңге/1000 м³);

Қ – осы Қағидаларға сәйкес айқындалатын газ тарату ұйымының тауарлық газын өткізуге арналған шығындар;

Т – заңнамада белгіленген тәртіппен бекітілген газ тарату жүйелері арқылы тауарлық газды тасымалдауға арналған тариф;

k1 – Қазақстан Республикасының ішкі нарығында баға белгілеудің әлеуметтік-экономикалық факторлары негізінде айқындалатын тауарлық газды өткізудің шекті бағасының өзгеруі коэффициенті.

15. Тұтынушылардың III тобы үшін сараланған көтерме сатып алу бағаларын есептеу мына формула бойынша жүзеге асырылады:

Тауарлық газды газ тарату жүйелері арқылы тасымалдауға арналған тарифті ескере отырып:

$$\text{БсаралIII} = (\text{БқолдIII} \times k2) - \text{Қ-Т},$$

Тауарлық газды газ тарату жүйелері арқылы тасымалдауға арналған тарифті ескере отырып:

$$\text{БсаралIII} = (\text{БқолдIII} \times k2) - \text{Қ}, \text{ мұнда:}$$

БсаралIII – тұтынушылардың III тобы үшін тауарлық газдың есептемелік сараланған көтерме бағасы (теңге/1000 м³);

БқолдIII – тұтынушылардың III тобы үшін тауарлық газдың қолданыстағы бағасы (теңге/1000 м³);

Қ – Қағидаларға сәйкес айқындалатын газ тарату ұйымының тауарлық газын өткізуге арналған шығындар;

Т – заңнамада белгіленген тәртіппен тауарлық газды газ тарату жүйелері арқылы тасымалдауға бекітілген тариф;

k2 – Қазақстан Республикасының ішкі нарығында баға белгілеудің әлеуметтік-экономикалық факторлары негізінде айқындалатын тауарлық газды өткізудің шекті бағасының өзгеруі коэффициенті.

16. Тұтынушылардың IV тобы үшін тауарлық газдың сараланған көтерме бағаларын есептеу мына формула бойынша жүзеге асырылады:

Тауарлық газды газ тарату жүйелері арқылы тасымалдауға арналған тарифті ескере отырып:

$$\text{Бсарал IV} = (\text{Бқолд IV} \times k3) - \text{Қ-Т},$$

Тауарлық газды газ тарату жүйелері арқылы тасымалдауға арналған тарифті есепке алмай:

$$\text{Бсарал IV} = (\text{Бқолд IV} \times k3) - \text{Қ}, \text{ мұнда:}$$

Бсарал IV – тұтынушылардың IV тобы үшін тауарлық газдың есептемелік сараланған көтерме бағасы (теңге/1000 м³);

Бқолд IV – тұтынушылардың IV тобы үшін тауарлық газдың қолданыстағы шекті бағасы (теңге/1000 м³);

Қ – осы Қағидаларға сәйкес айқындалатын газ тарату ұйымының тауарлық газын өткізуге арналған шығындар;

Т– заңнамада белгіленген тәртіппен тауарлық газды газ тарату жүйелері арқылы тасымалдауға бекітілген тариф;

k3 – Қазақстан Республикасының ішкі нарығында баға белгілеудің әлеуметтік-экономикалық факторлары негізінде айқындалатын тауарлық газды өткізудің шекті бағасының өзгеруі коэффициенті.

17. Тұтынушылардың V тобы үшін тауарлық газдың сараланған көтерме бағаларын есептеу мына формула бойынша жүзеге асырылады:

Тауарлық газды газ тарату жүйелері арқылы тасымалдауға арналған тарифті ескере отырып:

$$\text{Бсарал V} = (\text{Бқолд V} * k4) - \text{Қ-Т},$$

Тауарлық газды газ тарату жүйелері арқылы тасымалдауға арналған тарифті есепке алмай:

$$\text{БсаралV} = (\text{БқолдV} * k4) - \text{Қ}, \text{ мұнда:}$$

Бсарал IV – тұтынушылардың V тобы үшін тауарлық газдың есептемелік сараланған көтерме бағасы (теңге/1000 м³);

Бқолд V – тұтынушылардың V тобы үшін тауарлық газдың қолданыстағы шекті бағасы (теңге/1000 м³);

Қ – осы Қағидаларға сәйкес айқындалатын газ тарату ұйымының тауарлық газын өткізуге арналған шығындар;

Т– заңнамада белгіленген тәртіппен тауарлық газды газ тарату жүйелері арқылы тасымалдауға бекітілген тариф;

k4 – Қазақстан Республикасының ішкі нарығында баға белгілеудің әлеуметтік-экономикалық факторлары негізінде айқындалатын тауарлық газды өткізудің шекті бағасының өзгеруі коэффициенті.

18. Тұтынушылардың алтыншы тобы үшін тауарлық газдың сараланған көтерме бағаларын есептеу мына формула бойынша жүзеге асырылады:

$$\text{БсаралVI} = (\text{Vжалпы жыл} * \text{Бқолд} - (\text{VI жыл} * \text{БсаралI}) - (\text{VII жыл} * \text{Бсарал II}) - (\text{VIII жыл} * \text{Бсарал III}) - (\text{VIV жыл} * \text{Бсарал IV}) - (\text{VV жыл} * \text{Бсарал V})) / \text{VVI}, \text{ мұнда:}$$

БсаралVI – тұтынушылардың VI тобы үшін тауарлық газдың есептемелік сараланған көтерме бағасы (теңге/1000 м³);

Vжалпы жыл – тауарлық газды бір жылға өткізудің жалпы жоспарланған көлемі (1000 м³ в);

Бқолд – газбен жабдықтау саласындағы уәкілетті орган бекіткен тауарлық газдың көтерме бағасы (теңге/1000 м³);

Бсарал I – тұтынушылардың I тобы үшін тауарлық газдың есептемелік сараланған көтерме бағасы (теңге/м³);

Бсарал II – тұтынушылардың II тобы үшін тауарлық газдың есептемелік сараланған көтерме бағасы (теңге/1000 м³);

Бсарал III – тұтынушылардың III тобы үшін тауарлық газдың есептемелік сараланған көтерме бағасы (теңге/1000 м³);

Бсарал IV – тұтынушылардың IV тобы үшін тауарлық газдың есептемелік сараланған көтерме бағасы (теңге/1000 м³);

Бсарал V – тұтынушылардың V тобы үшін тауарлық газдың есептемелік сараланған көтерме бағасы (теңге/1000 м³);

VI жыл – тұтынушылардың I тобы үшін тауарлық газды өткізудің бір жылға арналған жоспарлы көлемі (1000 м³);

VII жыл – тұтынушылардың II тобы үшін тауарлық газды өткізудің бір жылға арналған жоспарлы көлемі (1000 м³);

VIII жыл – тұтынушылардың III тобы үшін тауарлық газды өткізудің бір жылға арналған жоспарлы көлемі (1000 м³);

VIV жыл – тұтынушылардың IV тобы үшін тауарлық газды өткізудің бір жылға арналған жоспарлы көлемі (1000 м³);

VV-жыл – тұтынушылардың V тобы үшін тауарлық газды өткізудің бір жылға арналған жоспарлы көлемі (1000 м³);

VVI-жыл – тұтынушылардың VI тобы үшін тауарлық газды өткізудің бір жылға арналған жоспарлы көлемі (1000 м³).

19. Тұтынушылардың VII тобы үшін тауарлық газды бөлшек саудада өткізудің шекті бағасын есептеу мына формула бойынша жүзеге асырылады:

Тауарлық газды газ тарату жүйелері арқылы тасымалдау тарифін ескере отырып:

$$Б VII = БқолдVII + К + Г,$$

Тауарлық газды газ тарату жүйелері арқылы тасымалдау тарифін есепке алмай:

$$Б VII = БқолдVII + К, \text{ мұнда:}$$

Б VII – тұтынушылардың VII тобы үшін тауарлық газды бөлшек саудада өткізудің шекті бағасы (теңге/1000 м³);

БкөтермеVII – тұтынушылардың

VII тобы үшін газбен жабдықтау саласындағы уәкілетті орган бекіткен шекті көтерме баға;

Қ – осы Қағидаларға сәйкес айқындалатын газ тарату ұйымының тауарлық газын өткізуге арналған шығындар (теңге/1000 м³);

Т – заңнамада белгіленген тәртіппен тауарлық газды газ тарату жүйелері арқылы тасымалдауға бекітілген тариф (теңге/1000 м³).

20. Тұтынушылардың VIII тобы үшін тауарлық газды бөлшек саудада өткізудің шекті бағасын есептеу мына формула бойынша жүзеге асырылады:

Тауарлық газды газ тарату жүйелері арқылы тасымалдау тарифін ескере отырып:

$$Б\text{ VIII} = Б_{\text{қолд VIII}} + Қ + Т,$$

Тауарлық газды газ тарату жүйелері арқылы тасымалдау тарифін есепке алмай:

$$Б\text{ VIII} = Б_{\text{қолд VIII}} + Қ, \text{ мұнда:}$$

Б VIII – тұтынушылардың VIII тобы үшін тауарлық газды бөлшек саудада өткізудің шекті бағасы (теңге/1000 м³);

Бкөтерме VIII – газбен жабдықтау саласындағы уәкілетті орган бекіткен тұтынушылардың VIII тобы үшін шекті көтерме баға;

Қ – осы Қағидаларға сәйкес айқындалатын газ тарату ұйымының тауарлық газын өткізуге арналған шығындар (теңге/1000 м³).

21. Тұтынушылардың тоғызыншы тобы үшін сараланған көтерме сатып алу бағаларын есептеу мына формула бойынша жүзеге асырылады:

Тауарлық газды газ тарату жүйелері арқылы тасымалдау тарифін ескере отырып:

$$Б_{\text{сарал IX}} = (Б_{\text{сарал I}} / кс) - Қ - Т,$$

Тауарлық газды газ тарату жүйелері арқылы тасымалдау тарифін есепке алмай:

$$Б_{\text{сарал IX}} = (Б_{\text{сарал I}} / кс) - Қ, \text{ мұнда:}$$

Бсарал IX – тұтынушылардың IX тобы үшін тауарлық газдың есептік сараланған көтерме бағасы (теңге/1000 м³);

Бсарал I – тұтынушылардың I тобы үшін тауарлық газдың жобалық шекті бағасы (теңге/1000 м³);

Қ – осы Қағидаларға сәйкес айқындалатын газ тарату ұйымының тауарлық газын өткізуге арналған шығындар;

Т – заңнамада белгіленген тәртіппен тауарлық газды газ тарату жүйелері арқылы тасымалдауға бекітілген тариф;

кс – тұтынушылардың IX тобы үшін тауарлық газды сатудың шекті бағасының өзгеруі коэффициенті.

22. Тұтынушылардың X тобы үшін тауарлық газды бөлшек саудада өткізудің шекті бағасын есептеу мына формула бойынша жүзеге асырылады:

Тауарлық газды газ тарату жүйелері арқылы тасымалдау тарифін ескере отырып:

$$Б\text{ X} = Б_{\text{көтерме X}} + Қ + Т,$$

Тауарлық газды газ тарату жүйелері арқылы тасымалдау тарифін есепке алмай:

$$Б\text{ X} = Б_{\text{көтерме X}} + Қ, \text{ мұнда:}$$

Б X – тұтынушылардың X тобы үшін тауарлық газды бөлшек саудада өткізудің шекті бағасы (теңге/1000 м³);

БкөтермеX – газбен жабдықтау саласындағы уәкілетті орган бекіткен тұтынушылардың X тобы үшін тауарлық газды көтерме саудада өткізудің шекті бағасы ;

Қ – осы Қағидаларға сәйкес айқындалатын газ тарату ұйымының тауарлық газын өткізуге арналған шығындар (теңге/1000 м³);

Т – заңнамада белгіленген тәртіппен тауарлық газды газ тарату жүйелері арқылы тасымалдауға бекітілген тариф (теңге/1000 м³).

23. Тұтынушылардың XI тобы үшін тауарлық газды бөлшек саудада өткізудің шекті бағасын есептеу мына формула бойынша жүзеге асырылады:

Тауарлық газды газ тарату жүйелері арқылы тасымалдау тарифін ескере отырып:

$$Б\ XI = Бкөтерме + Қ + Т,$$

Тауарлық газды газ тарату жүйелері арқылы тасымалдау тарифін есепке алмай:

$$Б\ XI = Бкөтерме_{XI} + Қ, \text{ мұнда:}$$

Б XI – тұтынушылардың XI тобы үшін тауарлық газды бөлшек саудада өткізудің шекті бағасы (теңге/1000 м³);

БкөтермеXI – газбен жабдықтау саласындағы уәкілетті орган бекіткен тұтынушылардың XI тобы үшін тауарлық газды көтерме саудада өткізудің шекті бағасы;

Қ – осы Қағидаларға сәйкес айқындалатын газ тарату ұйымының тауарлық газын өткізуге арналған шығындар (теңге/1000 м³);

Т – заңнамада белгіленген тәртіппен тауарлық газды газ тарату жүйелері арқылы тасымалдауға бекітілген тариф (теңге/1000 м³).

Қоғамдық маңызы бар
нарықтарда баға белгілеу
қағидаларына
12-1-қосымша

Электр энергиясын орталықтандырылған сатып алу және орталықтандырылған сату саласындағы Субъектінің қызметін жүзеге асыруына байланысты шығындары бөлігінде шекті бағасын есептеу

Ескерту. Қағида 12-1-қосымшамен толықтырылды - ҚР Ұлттық экономика министрінің 04.08.2023 № 145 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Электр энергиясын орталықтандырылған сатып алу және орталықтандырылған сату саласындағы Субъектінің қызметін жүзеге асыруына байланысты шығындары бөлігінде шекті бағасын есептеу үшін формула қолданылады:

$$T_{\text{ОСШ}} = \frac{Ш_{\text{НШ}}}{\sum_{i=1}^r (W_{\text{көтерм.}i}^{\text{ЕЗ}})}$$

мұндағы:

$T_{\text{ОСШ}}$

– электр энергиясын орталықтандырылған сатудың шекті бағасы, ҚҚС-сыз кВтсағ-қа теңгемен (үтірден кейін 4 таңбаға дейінгі дәлдікпен дөңгелектенеді);

$W_{\text{көтерм.}i}^{\text{НШ}}$

– Субъектінің электр энергиясының көтерме сауда нарығының i – Субъектісінен сатып алуы жоспарланатын электр энергиясының көлемі, кВтсағ;

$Ш_{\text{НШ}}$

- осы Қағидаларға сәйкес қалыптастырылған, Субъектінің электр энергиясын орталықтандырылған сатып алу және орталықтандырылған сату бойынша қызметін жүзеге асыруға байланысты күнтізбелік жылдағы оның негізделген шығындары, теңгемен;

$\sum_{i=1}^r$

– i бойынша сомалар;

i – 1-ден бастап r дейін өзгеретін реттік нөмір;

r – тиісті күнтізбелік жыл ішінде Субъектіден электр энергиясын сатып алуды жоспарлайтын электр энергиясының көтерме сауда нарығы Субъектілерінің саны.

Қоғамдық маңызы бар
нарықтарда баға белгілеу
қағидаларына
12-2-қосымша

Электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметті орталықтандырылған сатып алу және электр қуатының жүктеме көтеруге әзірлігін қамтамасыз ету бойынша көрсетілетін қызметті орталықтандырылған сату саласындағы Субъектінің қызметін жүзеге асыруына байланысты шығындары бөлігінде шекті бағасын есептеу

Ескерту. Қағида 12-2-қосымшамен толықтырылды - ҚР Ұлттық экономика министрінің 04.08.2023 № 145 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметті орталықтандырылған сатып алу және электр қуатының жүктеме көтеруге әзірлігін қамтамасыз ету бойынша көрсетілетін қызметті орталықтандырылған сату саласындағы

Субъектінің қызметін жүзеге асыруына байланысты шығындары бөлігінде шекті бағасын есептеу үшін формула қолданылады:

$$T_{\text{ОСШем}} = \frac{Z_{\text{ем}}}{\sum_{i=1}^r (P_{\text{абс.}i}^{\square})}$$

мұндағы:

$T_{\text{ОСШем}}$

– электр қуатының жүктеме көтеруге әзірлігін қамтамасыз ету бойынша көрсетілетін қызметті орталықтандырылған сатудың шекті бағасы, айына МВт-қа теңгемен;

$P_{\text{абс.}i}^{\square}$

– электр энергетикасы саласындағы заңнамаға сәйкес ағымдағы күнтізбелік жылда жүйелік операторға жіберілген электр энергиясының көтерме сауда нарығының Субъектісі болып табылатын, I–сол энергиямен жабдықтаушы, энергия беруші ұйымды және тұтынушыны тұтынуға арналған тиісті болжамды өтінімде көрсетілген тұтынудың алдағы күнтізбелік жылдағы ең жоғары электр қуаты МВт-қа;

$Z_{\text{рм}}$

– Субъектінің алдағы күнтізбелік жылдағы электр қуатының жүктеме көтеруге әзірлігін қамтамасыз ету бойынша көрсетілетін қызметті орталықтандырылған сату бойынша оның қызметін жүзеге асырумен байланысты негізді шығындары, осы Қағидаға сәйкес қалыптастырылған, айына бір мегаватт электр қуаты есебінен;

$\sum_{i=1}^r$

- і бойынша сомалар;

і – 1-ден бастап r дейін өзгертін реттік нөмір;

r – тұтынуға болжамдық өтінім ұсынған көтерме сауда нарығы Субъектілерінің жалпы саны.

Қоғамдық маңызы бар
нарықтарда баға белгілеу
қағидаларына
13-қосымша

Қоғамдық маңызы бар нарық субъектілерінің электр энергиясын (электрмен жабдықтауды) бөлшек саудада өткізуінің шекті бағасын есептеу

Ескерту. 13-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық экономика министрінің 04.08.2023 № 145 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Қоғамдық маңызы бар нарық субъектілерінің электр энергиясын бөлшек саудада өткізуінің шекті бағасын есептеу тұтынушылар топтары бойынша электр энергиясын бөлшек саудада өткізу бағаларын саралауды ескере отырып жүзеге асырылады.

Энергиямен жабдықтаушы ұйымдардың электр энергиясына арналған тарифтерді жеке тұлғалардың оны тұтыну көлеміне қарай саралауы Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігі төрағасының 2009 жылғы 20 ақпандағы № 57-НҚ бұйрығымен бекітілген Энергиямен жабдықтаушы ұйымдардың электр энергиясына тарифтерді жеке тұлғалардың оны тұтыну көлеміне қарай саралау қағидаларына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5602 болып тіркелген) сәйкес жүзеге асырылады.

2. Энергиямен жабдықтаушы ұйымдардың электр энергиясын бөлшек саудада өткізуінің шекті бағасын қалыптастыру Қағидаларға сәйкес жүзеге асырылады.

3. Энергиямен жабдықтаушы ұйымдардың электр энергиясын бөлшек саудада өткізуінің сараланған шекті бағасын белгілеу мақсатында тұтынушылар мынадай топтарға бөлінген:

тұтынушылардың 1-тобы – электр энергиясын тауарларды, жұмыстарды өндірумен (сатумен) және қызметтерді көрсетумен байланысты емес, өздерінің тұрмыстық мұқтаждары үшін пайдаланатын тұрмыстық тұтынушылар;

тұтынушылардың 2-тобы – электр энергиясын тұрмыстық мұқтаждары үшін пайдаланбайтын тұтынушылар;

тұтынушылардың 3-тобы – мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын заңды тұлғалар.

Электр энергиясын тұтынушылар топтары бойынша бөлшек саудада өткізудің сараланған шекті бағаларының есептемесі.

4. Тұтынушылардың бірінші тобы үшін электр энергиясына сараланған шекті бағаларды есептеу тұтынушылардың бірінші тобы үшін электр энергиясына шекті бағаның өзгеру коэффициентін ескере отырып жүзеге асырылады, уәкілетті органның ведомствосы және/немесе уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшесі мынадай формула бойынша айқындайды:

$B_{\text{сарал1}} = Z_{\text{қолд.}} * k, \text{ теңге / кВтсағ (ҚҚС-сыз)},$

мұндағы:

$Z_{\text{қолд.}}$ – бірінші топ үшін қолданыстағы баға, теңге/кВтсағ (ҚҚС-сыз);

k – тұтынушылардың бірінші тобы үшін уәкілетті органның ведомствосы немесе уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшесі айқындайтын электр энергиясының шекті бағасының өзгеру коэффициенті:

1) тиісті өңір халқының төлем қабілеттілігі деңгейі;

- 2) инфляцияға әсері;
- 3) өнеркәсіптік өндірісті дамыту деңгейі;
- 4) энергия үнемдеу үшін ынталандырулар жасау.

5. Тұтынушылардың екінші тобы үшін электр энергиясына шекті бағаны есептеу (тұтынушылардың үшінші тобы болмаған жағдайда) мына формула бойынша жүзеге асырылады:

$$\text{Бсарал 2} = ((Z_i * V_{\text{жалпы жыл}}) - (\text{Бсарал1} * V_1)) / V_2, \text{ теңге/кВт.сағ. (ҚҚС-сыз),}$$

мұндағы:

Z_i – тұтынушылардың тобы бойынша саралаусыз шекті баға;

$V_{\text{жалпы жыл}}$ – энергиямен жабдықтаушы ұйымның электр энергиясын өткізудің жоспарлаған жылдық көлемі, кВт.сағ.;

V_1 – тұтынушылардың бірінші тобының электр энергиясының жоспарлаған көлемі, кВт.сағ.;

V_2 – тұтынушылардың екінші тобының электр энергиясының жоспарланған көлемі, кВт.сағ.;

6. Тұтынушылардың екінші тобы болмаған жағдайда, тұтынушылардың үшінші тобы үшін электр энергиясына шекті бағаны есептеу мына формула бойынша жүзеге асырылады:

$$\text{Бсарал 3} = ((Z_i * V_{\text{жалпы жыл}}) - (\text{Бсарал1} * V_1)) / V_3 \text{ теңге/кВт.сағ. (ҚҚС-сыз),}$$

мұндағы:

V_3 – тұтынушылардың үшінші тобы электр энергиясының жоспарланған көлемі, кВт.сағ.;

7. Тұтынушылардың екінші және үшінші тобы болған жағдайда, тұтынушылардың екінші және үшінші тобы үшін электр энергиясына шекті бағаны есептеу мына формулалар бойынша жүзеге асырылады:

$$\text{Бсарал 3} = ((Z_i * V_{\text{жалпы жыл}}) - (\text{Бсарал1} * V_1) - (\text{Бсарал 2} * V_2)) / V_3, \text{ теңге/кВт.сағ. (ҚҚС-сыз).}$$

Қоғамдық маңызы бар нарық субъектілерінің электр энергиясын тұтынушылар топтары бойынша бөлшек саудада өткізуінің шекті бағаларын есептеудің бақылауға арналған мысал

Мысал:

Бастапқы деректер:

$$Z_i = 16,50 \text{ теңге/кВтсағ. (ҚҚС-сыз)}$$

$$Z_{\text{қолд.}} = 14,00 \text{ теңге/кВтсағ. (ҚҚС-сыз)}$$

$$k = 1,07$$

$$V_{\text{жалпы жыл}} = 2\,377,8 \text{ млн.кВтсағ., оның ішінде:}$$

$$V_1 = 750,8 \text{ млн.кВтсағ.}$$

$$V_{II} = 1\,627,0 \text{ млн.кВтсағ.}$$

Тұтынушылардың екінші және үшінші топтары үшін (олар болған жағдайда) электр энергиясына шекті бағаны есептеу үшін қосымша деректер:

$$VII = 800,0 \text{ млн.кВтсағ.}$$

$$VIII = 827,0 \text{ млн.кВтсағ.}$$

$$\text{Бсарал III} = 15,28 \text{ теңге/кВтсағ. (ҚҚС-сыз).}$$

1. Тұтынушылардың бірінші тобы үшін электр энергиясына шекті бағаны есептеу мына формула бойынша жүзеге асырылады:

$$\text{Бсарал I} = Z_{\text{қолд.}} * k, \text{ теңге/кВтсағ. (ҚҚС-сыз)} \quad \text{Бсарал I} = 14,0 * 1,07 = 14,98$$

2. Тұтынушылардың екінші тобы болмаған жағдайда тұтынушылардың үшінші тобы үшін электр энергиясына шекті бағаны есептеу мына формула бойынша жүзеге асырылады:

$$\text{Бсарал III} = ((Z_i * V_{\text{жалпы жыл.}}) - (\text{Бсарал I} * VI)) / VIII \text{ теңге/кВт.сағ. (ҚҚС-сыз)}$$

$$\text{Бсарал III} = ((16,50 * 2\,377,8) - (14,98 * 750,8)) / 1\,627 = 17,20 \text{ теңге/кВт.сағ. (ҚҚС-сыз).}$$

3. Тұтынушылардың екінші және үшінші тобы (тұтынушылардың екі тобы да болған жағдайда) үшін электр энергиясына шекті бағаны есептеу мына формулалар бойынша жүзеге асырылады:

$$\text{Бсарал 2} = Z_i, \text{ теңге/ кВтсағ.}$$

$$\text{Бсарал 2} = 16,50 \text{ теңге/кВтсағ. (ҚҚС-сыз)}$$

$$\text{Бсарал 3} = ((Z_i * V_{\text{жалпы жыл.}}) - (\text{Бсарал 1} * V_1) - (\text{Бсарал 2} * V_2)) / V_3 \quad \text{Бсарал 3} = ((16,50 * 2\,377,8) - (14,98 * 750,8) - (16,50 * 800)) / 827 = 17,88$$

теңге/кВтсағ. (ҚҚС-сыз).

Ескертпе:

Энергиямен жабдықтаушы ұйымдардың электр энергиясына арналған тарифтерді жеке тұлғалардың оны тұтыну көлеміне қарай саралауы Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігі төрағасының 2009 жылғы 20 ақпандағы № 57-НҚ бұйрығымен бекітілген Энергиямен жабдықтаушы ұйымдардың электр энергиясына тарифтерді жеке тұлғалардың оны тұтыну көлеміне қарай саралау қағидаларына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5602 болып тіркелген) сәйкес жүзеге асырылады.

Қоғамдық маңызы бар
нарықтарда баға белгілеу
қағидаларына
14-қосымша

Теміржол жүк вагондарын жалға беру жөніндегі көрсетілетін қызметтерді және вагондар (контейнерлер) операторының көрсетілетін қызметтерін, Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзиттік қатынаста жүктерді теміржол көлігімен тасымалдау жөніндегі көрсетілетін қызметтерді, контейнерлермен, контрейлерлік жөнелтімдермен, жүктерді, бос контейнерлерді және бос фитингтік платформаларды теміржол көлігімен тасымалдау

жөніндегі көрсетілетін қызметтерді қоспағанда, жүктерді теміржол көлігімен тасымалдау және локомотивтік тартқыш жөніндегі қоғамдық маңызы бар нарық субъектілерінің көрсетілетін қызметтеріне шекті бағаны есептеу

1. Теміржол жүк вагондарын жалға беру жөніндегі көрсетілетін қызметтерді және вагондар (контейнерлер) операторының көрсетілетін қызметтерін, Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзиттік қатынаста жүктерді теміржол көлігімен тасымалдау жөніндегі көрсетілетін қызметтерді, контейнерлермен, контрейлерлік жөнелтімдермен жүктерді, бос контейнерлерді және бос фитингтік платформаларды теміржол көлігімен тасымалдау жөніндегі көрсетілетін қызметтерді қоспағанда, жүктерді теміржол көлігімен тасымалдау және локомотивтік тартқыш жөніндегі көрсетілетін қызметтер (бұдан әрі – Көрсетілетін қызмет) бойынша шекті бағаны есептеу тасымалданатын жүктердің түріне және жылжымалы құрамның типіне қарай бағаларды саралауды есепке ала отырып жүзеге асырылады.

1-1. Жолаушыларды тасымалдау кезінде локомотивтік тартқыш қызметі бойынша шекті бағаны есептеу кезінде, бағаның шығындық бөлігінде ескерілмеген шығыстарға бағытталған субсидияларды қоспағанда, Субъектіге мемлекеттік бюджеттен бөлінетін субсидиялар, сондай-ақ теміржол көлігі туралы заңнамаға сәйкес Субъектіге төленетін, бағаның шығындық бөлігін азайтуға қабылданатын уақытша теңгерімдеуші төлем ескеріледі.

Шығыстар сметасында Субъектіге төленетін уақытша теңгерімдеуші төлемнің жалпы сомасы және оның ішінде шекті бағаны есептеу кезінде ескерілетін уақытша теңгерімдеуші төлемнің сомасы көрсетіледі.

Өндірістік функцияларды аутсорсингке беруге байланысты Субъектінің шығыстары ұлғайған жағдайда уәкілетті органның ведомствосы шекті бағаны өзіндік құнда қалыптастыру кезінде Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында қызметтің ұқсас түрімен айналысатын Субъект қызметінің көрсеткіштерін салыстырмалы талдау негізінде шығыстарды есепке алады.

2. Көрсетілетін қызметке шекті бағаны қалыптастыру осы Қағидаларға сәйкес жүзеге асырылады.

3. Көрсетілетін қызметке сараланған шекті бағаны тасымалданатын жүктердің түріне қарай белгілеу мақсатында тасымалданатын жүктің мынадай түрлері бөлінген:

Жүктерді темір жол көлігімен тасымалдау кезінде локомотивтік тартқышты пайдаланғаны үшін және (немесе) жүк және коммерциялық жұмыстың мөлшерлемелеріне коэффициенттер

Нысан

Р/с №	Жүктің атауы	Тарифтік топтың коды және Бірыңғай тарифтік-статистикалық жүк номенклатурасы (Локомотивтік тартқышты	Жүк және коммерциялық жұмыстың көрсетілетін қызметтері үшін
-------	--------------	--	------------------------	---

		БТСЖН) бойынша позициялар	пайдаланғаны үшін есептеу кестелеріне коэффициенттер	есептеу кестелеріне коэффициенттер
1	2	3	4	5
I	Вагондап, шағын және ұсақ тонналы жөнелтулермен			
1	Шикі мұнай	201		
2	Мұнай өнімдері	211-215, 221-225, 226021, 226069, 226106		
3	Түсті металдар және олардың илегі	331-332		
4	Қара металдар және олардың илегі	311-313, 321-324		
5	Түсті және кара металдардың сынықтары	316,333		
6	Сазбалшық	151060		
7	Темекі мен махорка шикізаты, олардан жасалған бұйымдар	072, 517		
8	Спирт, алкогольді сусындар	591-594		
9	Мақта-мата талшығы	611		
10	Сұйытылған газ	226, бұдан басқа 226021, 226069, 226106		
11	Тас көмір	161		
12	Дәнді дақылдар	011-018		
13	Құрылыс шикізаты, материалдары және бұйымдары	121-122, 253-255, 301-304		
14	Темір рудасы	141, 142		
15	Түсті руда	151-153, бұдан басқа 151060		
16	Химикаттар мен сода	751-758, 481232, 487169, 487188		
17	Химиялық және минералдық тыңайтқыштар	431-436		
18	Орман жүктері	081, 082, 091-094, 101-103, 111, 112, 123-127,131-133		
19	Басқа да жүктер	291035, 351-362, 371, 381, 391, 401- 405, 411-418, 421- 423, 442, 452, 453,		

		461, 462, 632-635, 641, 651, 654, 661, 681-683		
20	Жоғарыда санамаланғаннан басқа жүктер	-		
21	Әскери және арнайы тасымалдаулар	-		
II	Азаматтардың үй мүлкін жөнелту	-		

4. Көрсетілетін қызметке тасымалданатын жүктің түріне қарай сараланған шекті бағаларды есептеу жүктерді темір жол көлігімен тасымалдау кезінде локомотивтік тартқышты пайдаланғаны үшін және (немесе) жүк және коммерциялық жұмыс қызметтері үшін шекті бағаларды есептеуде қолданылатын есептеу кестелеріне коэффициенттерді есепке ала отырып жүзеге асырылады. Бұл ретте, есептеу кестелеріне коэффициенттердің өзгеруі Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық даму факторларына сүйене отырып айқындалады.

Қоғамдық маңызы бар
нарықтарда баға белгілеу
қағидаларына
15-қосымша
Нысан

201_ жылға (жартыжылдыққа) _____ (экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуіші бойынша қызмет түрі) шекті бағасында ескерілген инвестициялық бағдарламаның (жобаның) орындалуы не орындалмауы туралы _____ (қоғамдық маңызы бар нарық субъектісінің атауы, бизнес сәйкестендіру нөмірі/жеке сәйкестендіру нөмірі) жартыжылдық ақпараты

№	Инвестициялық бағдарлама (жоба) көрсеткіштерінің атауы (қолданылу кезеңін көрсете отырып)	Кім бекітті (бұйрықтың күні, нөмірі)	Іс-шараның атауы	Іс-шараларды іске асыру жылдары
			1-жартыжылдық	2-жартыжылдық

Кестенің жалғасы:

Шекті бағада ескерілген инвестициялық бағдарлама іс-шарасының, объектісінің жоспарлы параметрлері (көрсеткіштері)	Шекті бағада ескерілген инвестициялық бағдарлама іс-шарасының, объектісінің орындалуы, нақты параметрлері (көрсеткіштері), (тоқсан сайын, өсіп отыратын жиынтығымен)*	Ауытқулар	Ауытқу себептері
---	---	-----------	------------------

Өлш. бірл.	Техникалық параметрлер	Өлш. бірл.	Инвестициялар сомасы	Өлш. бірл.	Инвестициялар көзі	Өлш. бірл.	Техникалық параметрлер	Өлш. бірл.	Инвестициялар сомасы	Өлш. бірл.	Инвестициялар көзі
------------	------------------------	------------	----------------------	------------	--------------------	------------	------------------------	------------	----------------------	------------	--------------------

Ескертпе:1) инвестициялық бағдарламаның іске асырылуы бойынша растайтын құжаттарды қоса бере отырып (тиісті шарттардың, келісімшарттардың көшірмелері, орындалған жұмыстарды қабылдау туралы актілер (№ 2 нысан), орындалған жұмыстар мен шығындар құны туралы анықтама (№ КС-3 нысаны), шот-фактуралар, мемлекеттік қабылдау комиссияларының пайдалануға қабылдау актілері, ішкі жүкқұжаттар, қоғамдық маңызы бар нарық субъектілерінің пайдалануға енгізу және балансқа қабылдау туралы ішкі бұйрықтары).

Қолы _____
(ұйым басшысы)

Қоғамдық маңызы бар нарықтарда баға белгілеу қағидаларына 16-қосымша

201_ жылға (ай) _____ (қоғамдық маңызы бар нарық субъектісінің атауы, бизнес-сәйкестендіру нөмірі) теміржол жүк вагондарын жалға беру жөніндегі көрсетілетін қызметтерді және вагондар (контейнерлер) операторының көрсетілетін қызметтерін, Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзиттік қатынаста жүктерді теміржол көлігімен тасымалдау жөніндегі қызметтерді, контейнерлерде, контрейлерлік жөнелтімдермен жүктерді, бос контейнерлерді және бос фитингтік платформаларды теміржол көлігімен тасымалдау жөніндегі көрсетілетін қызметтерді және ішкі рейстерде әуежайлардың қызметтерін көрсету: жолаушыларды отырғызу-түсіру (телескоптық трап арқылы), тасымалдау процесін қамтамасыз ету мақсатында пайдаланылатын әуежайдың үй-жайларын жалға беру, жүктерді өңдеу, жолаушыларды тіркеу үшін жұмыс орнын (алаңдар) ұсыну, әуе кемелерін авиациялық жанар-жағармай материалдарымен қамтамасыз етуді қоспағанда, жүктерді теміржол көлігімен тасымалдау және локомотивтік тартқыш жөніндегі қоғамдық маңызы бар нарық субъектісінің өндіру (өткізу) көлемдері, кіріс деңгейі және өндірілетін (өткізілетін) тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) босатылу бағалары туралы ақпарат

Көрсетілетін қызметтердің атауы	Көлемдер		Баға (қосылған құн салығынсыз)		Кірістілік деңгейі		
	Көрсетілетін қызметтер (жұмыстар) көлемі заттай көріністе	Көрсетілетін қызметтер (жұмыстар) көлемі ақшалай көріністе	Негізделген баға, теңгемен	Босату бағасы, теңгемен	Қызметтерді (жұмыстарды) көрсету кірісі, теңгемен	Қызметтерді (жұмыстарды) көрсетушығандары, теңгемен	Кірістілік деңгейі, %
Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуіші							

Ескертпе: 2-8-бағандар бойынша ақпарат филиалдар, хабарламалар түрлері, жұмыс түрлері бойынша бөлініп ұсынылады.

Қолы _____
(ұйым басшысы)

Қолы _____
(бас бухгалтер)

Қоғамдық маңызы бар
нарықтарда баға белгілеу
қағидаларына
17-қосымша

201_ жылы _____ (ай) _____ (қоғамдық маңызы бар нарық субъектісінің атауы, бизнес сәйкестендіру нөмірі) энергиямен жабдықтау ұйымдарының электр энергиясын бөлшек саудада өткізуі, электр энергиясының орталықтандырылған саудасын ұйымдастыру мен өткізу, жаңартылатын энергия көздерін пайдалану жөніндегі объектілер өндірген электр энергиясының орталықтандырылған сауда-саттықтарын өткізуге, орталықтандырылған сатып алу және сатуға сауда жүйесінің дайындығын қамтамасыз ету жөніндегі қоғамдық маңызы бар нарық субъектісінің өндіру (өткізу) көлемдері, кіріс деңгейі және өндірілетін (өткізілетін) тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) босатылу бағалары туралы ақпарат

Экономик алық қызметтің жалпы жіктеуіші бойынша көрсетілетін қызмет атауы	Өткізу көлемі (киловатт сағат)				Өткізу көлемдері (мың теңге)			
	Барлығы	Оның ішінде тұтынушылар топтары бойынша		Барлығы	Оның ішінде тұтынушылар топтары бойынша		Тұтыну көлемдері бойынша	
		Заңды тұлғалар	Жеке тұлғалар*		Заңды тұлғалар	Жеке тұлғалар*		
		Саралаусыз босату тарифі бойынша	Тұтыну көлемдері бойынша	Саралаусыз босату тарифі бойынша				
1	2	3	4	5	6	7	8	9

кестенің жалғасы

Босату бағасы, теңгемен (қосымша құн салығынсыз)				Кірістілік деңгейі		
Барлығы	Оның ішінде тұтынушылар топтары бойынша		Шығыстар, мың. теңге	Реттеліп көрсетілетін қызметтерден кірістер, мың теңге	Кірістілік деңгейі, %	
	Заңды тұлғалар	Жеке тұлғалар*				
	Саралаусыз босату тарифі бойынша	Тұтыну көлемдері бойынша				
10	11	12	13	14	15	16

*- өңірлердегі босату тарифінің қабылданған саралануына қарай

Қолы _____
(ұйым басшысы)

Қолы _____
(бас бухгалтер)

Қоғамдық маңызы бар
нарықтарда баға белгілеу
қағидаларына
17-1-қосымша

Электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметті орталықтандырылған сатып алу және электр қуатының жүктеме көтеруге әзірлігін қамтамасыз ету бойынша көрсетілетін қызметті орталықтандырылған сату саласындағы Субъектінің қызметті жүзеге асыруымен байланысты шығындары бөлігінде өндіретін (өткізетін) тауарларының (жұмыстарының, көрсетілетін қызметтерінің) өндірісі (өткізуі) көлемдері, шығындары және тиісті бағалары туралы ақпарат (қоғамдық маңызы бар нарық субъектісінің атауы, бизнес сәйкестендіру нөмірі) 20 ___ жылғы _____ (ай) үшін

Ескерту. Қағида 17-1-қосымшамен толықтырылды - ҚР Ұлттық экономика министрінің 04.08.2023 № 145 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Экономикалық қызметтің жалпы жіктеуіші бойынша көрсетілетін қызметтердің атаулары
Шығындар, теңге
Өткізу көлемі (киловатт сағат)
1 киловатт сағатқа теңгемен есептік баға (қосылған құн салығынсыз)
Реттеліп көрсетілетін қызметтен түсетін кіріс мың теңге

Қоғамдық маңызы бар
нарықтарда баға белгілеу
қағидаларына
17-2-қосымша

Электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметті орталықтандырылған сатып алу және электр қуатының жүктеме көтеруге әзірлігін қамтамасыз ету бойынша көрсетілетін қызметті орталықтандырылған сату саласындағы Субъектінің қызметті жүзеге асыруымен байланысты шығындары бөлігінде өндіретін (өткізетін) тауарларының (жұмыстарының, көрсетілетін қызметтерінің) өндірісі (өткізуі) көлемдері, шығындары және тиісті бағалары туралы ақпарат (қоғамдық маңызы бар нарық субъектісінің атауы, бизнес сәйкестендіру нөмірі) 20 ___ жылғы _____ (ай) үшін

Ескерту. Қағида 17-2-қосымшамен толықтырылды - ҚР Ұлттық экономика министрінің 04.08.2023 № 145 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Экономикалық қызметтің жалпы жіктеуіші бойынша көрсетілетін қызметтердің атаулары
Шығындар, теңге
Өткізу көлемі (МВт * ай)
1 МВт*айға теңгемен есептік баға (қосылған құн салығынсыз)
Реттеліп көрсетілетін қызметтен түсетін кіріс мың теңге

201_ жылғы _____ (ай) _____ (қоғамдық маңызы бар нарық субъектісінің атауы, бизнес-сәйкестендіру нөмірі) тауарлық газды бөлшек саудада өткізу, топтық резервуарлық қондырғылар арқылы сұйытылған мұнай газын бөлшек саудада өткізу жөніндегі қоғамдық маңызы бар нарық субъектісінің өндіру (өткізу) көлемдері, кіріс деңгейі және өндірілетін (өткізілетін) тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) босатылу бағалары туралы ақпарат

Экономикалық қызметтің жалпы жіктеу іші бойынша қызмет атауы	Өткізу көлемі (мың текше м)		Өткізу көлемдері (мың теңге)		Босатылу бағалары теңгемен (қосымша құн салығынсыз)			Кірістілік деңгейі			
	Барлығы	Оның ішінде тұтынушылар топтары бойынша	Барлығы	Оның ішінде тұтынушылар топтары бойынша	Барлығы	Оның ішінде тұтынушылар топтары бойынша	Қызметтерді (жұмыстар) көрсетуден түскен кіріс, теңгемен	Қызметтер, (жұмыстар) көрсетуге кеткен шығын, теңгемен	Кірістілік деңгейі, %-бен		
	Халық		Заңды тұлғалар	Халық		Заңды тұлғалар	Халық	Заңды тұлғалар			

Ескертпе: ақпарат филиалдарға бөле отырып ұсынылады.

Қолы _____
(ұйым басшысы)

Қолы _____
(бас бухгалтер)

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің
2017 жылғы 2 қаңтардағы
№ 36 бұйрығына
2-қосымша

Табиғи монополиялар салаларында басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті органның күші жойылған бұйрықтарының тізбесі

1. "Реттелетін нарық субъектілерінің тауарларына (жұмыстарына, қызметтеріне) бағалар есептеу әдістемесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігі төрағасының 2013 жылғы 18 сәуірдегі № 122-НҚ бұйрығы (Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2013 жылғы 24 мамырда № 8478 тіркелді).

2. "Реттелетін нарық субъектісінің өндіру (өткізу) көлемдері, табыстылық деңгейі және өндірілетін (өткізілетін) тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) босатылу бағалары туралы ай сайынғы ақпараттың нысанын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігі төрағасының 2013 жылғы 27 маусымдағы № 187-НҚ бұйрығы (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2013 жылы 29 шілдеде № 8587 тіркелді).

3. "Тауарлық газға реттелетін нарық субъектілерінің шекті бағаларын есептеу әдістемесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігі төрағасының 2014 жылғы 1 сәуірдегі № 66-НҚ бұйрығы (Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2014 жылғы 25 сәуірде № 9354 тіркелді).

4. "Реттелетін нарықтардағы бағаны белгілеу, реттелетін нарық субъектісінің инвестициялық бағдарламасын (жобасын) бекіту және түзету қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2014 жылғы 29 желтоқсандағы № 174 бұйрығы (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылғы 31 наурызда № 10594 тіркелді).

5. "Бағаларды мемлекеттік реттеу қолданылатын реттелетін нарықтар субъектілері тауарларының (жұмыстарының, көрсетілетін қызметтерінің) тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 20 шілдедегі № 547 бұйрығы (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 27 тамызда № 11957 болып тіркелді).

6. "Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің кейбір бұйрықтарына табиғи монополиялар және реттелетін нарықтар мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 24 шілдедегі № 567 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін кейбір бұйрықтарының тізбесінің 2) тармақшасы (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылғы 28 тамызда № 11969 болып тіркелді).

7. "Табиғи монополиялар субъектілерінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне тарифтік сметаны орындау туралы есепті орналастыру қағидаларын, Табиғи монополия субъектісінің реттеліп көрсетілетін қызметтерге тарифтік сметаны орындау барысы туралы тұтынушыларды хабардар ету қағидаларын бекіту туралы және Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 24 шілдедегі № 566 бұйрығымен бекітілген Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін кейбір бұйрықтарының тізбесінің 6) тармақшасы (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылғы 28 тамызда № 11972 болып тіркелді).

8. "Реттелетін нарық субъектісінің өндіру (өткізу) көлемдері, кіріс деңгейі және өндірілетін (өткізілетін) тауарлардың (жұмыстардың, қызметтердің) босатылу бағалары туралы ай сайынғы ақпараттың нысанын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігі Төрағасының 2013 жылғы 27 маусымдағы № 187-НҚ бұйрығына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 12 желтоқсандағы № 767 бұйрығы (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылы 12 қаңтарда № 12852 болып тіркелді).

9. "Реттелетін нарықтардағы бағаны белгілеу, реттелетін нарық субъектісінің инвестициялық бағдарламасын (жобасын) бекіту және түзету қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2014 жылғы 29 желтоқсандағы № 174 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2016 жылғы 24 ақпандағы № 95 бұйрығы (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылғы 3 мамырда № 13676 болып тіркелді).

10. "Табиғи монополиялар салаларында және реттелетін нарықтарда басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті органның кейбір бұйрықтарына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушының 2016 жылы 2 қыркүйектегі № 394 бұйрығының 1-тармағының 3) тармақшасы (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылғы 30 қыркүйекте № 14274 болып тіркелді).